

Жаннат қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

№ 51 (536)
23 желтоқсан, 2023 жыл

АҚМЕШІТ ЖАСТАРАҒЫ




Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



Қазақ баласы Real Madrid, Disney, Nickelodeon-ды таңғалдырды

Әлемде біз білмейтін қызық көп. Мысалы, бір ғана сурет салудың 100 түрлі әдісі бар. Құм, ас содасы, шоколад, тосап, тұз, шеге мен гипстен шебер бейне шығарып жүргендерді көрдік. Ең қызығы, жақында жаһанды жапыраққа сыйғызған суретшіні таптық. Сурет салудың 86 тәсілін меңгерген Қанат Нұртазин Nickelodeon, Warner Bros. Games, Disney секілді алпауыт компаниялардан тапсырыс алған. Ерекше стилінің және жапыраққа жан бітіруінің арқасында әйгілі «Mortal Combat 1» амбассадоры да атаныпты.



салудың 100 әдісі» деген атпен арт жобаға айналдырыпты.

– Оқушы кезімде сурет сабағының тапсырмасын ағам орындап беретін. Ал, қазір суреттерім елге таныла бастады. Бұл үшін ешқандай курс, семинарға қатыспадым. Табиғи дарынның, қызығушылықтың көмегі көп болды. Жай ғана сурет салуға қарағанда жаңа әдіс-тәсіл ойлап тапқан әлдеқайда қызық. Бұл – шығармашылық еңбек. Қарап тұрсаң, айналандағы заттардың барлығы өнер туындысы үшін жасалғандай. Кейде табиғаттың, қоршаған ортаның осындай ғажайыпқа толы екенін көріп, шабыт аламын, – дейді Қанат.

Суретші нақты бір жанрда немесе белгілі бір тәсілмен салмайды. Ол өз жолын «микст-медиа» стиліне, яғни аралас техникалық өнерге жатқызады.



3 бетте

«Шынайы мақсат болғанда коздегеніңе жетесің»

– Жерлесіміздің елдің мерейін үстем етіп, білімнің биік шыңдарын бағындырып жүруі – біз үшін үлкен қуаныш. Сіз үшін біз өзіңіздей қуаныштымыз. Биыл он жылдығын атап өтіп жатқан алтын ұяңыз, Назарбаев зияткерлік мектебіне ыстық ықыласыңызды көріп қуандық. Сізге бұл мектеп не берді?

– Ең алдымен, менің оқым мектебім маған ең керемет базалық білім мен ары қарайғы дамуыма ең қажетті қасиеттерді сіңірді. Мектебім ақжарқын ұстаздарды сыйлады. Мұндай ұстаздардың сабағына қатысуға құлшынып тұрасың, ойландырып әрбір сауалыңның жауабын білетінің сенімді әрі ол жерде жаныңа жылулық сыйлайтынын білесің. Осындай жайсаң жандардың берген білімімен қатар тәрбиесі де адамдық қасиеттің ауылына тұрақтайды. Тағы бір айта кетерлігі, мектебім әркез өзіңді алға жетелейтін ең керемет бәсекелестік ортаны



Білесіз бе, өңірдегі химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің түлегі Майя Жалғасбаеваға бір емес, тоғыз бірдей оқу орны таласты. Еуропа тәрізіндегі Германияның «Landshut Hochschule», «THWS», «Hochschule Coburg», «HSWT», «Hochschule München», «Hochschule München», «Deggendorf TH», «TH Ingolstadt» және «Westfälische Hochschule» жоғары оқу орны біздің қызға «Бізде оқы» деп ұсынғыс білдірген. Білім биігіне қанатын қаққан Майяның таңдауы Ландсхута Қолданбалы ғылымдар университетіне түсіпті.

Бүгінде ол аталған білім ордасында қазақ жастарының қаншалықты білімді, ынталы, талапшыл болатынын көрсетіп жүр. Сыр елі мақтан еткен перзентімен дидарласып, сұқбаттасудың сәті түсті.

сыйлады. Бұл орта мені бір орында тұрақтамауға, әрқашан алға жүруге ұмтылысымды арттыруға сеп болды. Ол орта мақсаттарыма жетеледі. Мектеп бізге болашақ мақсаттардың негізін қалап береді. Қоғамда өзіңнің орныңды ойып тұрып алуға тәрбиеледі. Мен өзімнің тұлғалық дамуымның алғышарттары осы мектепте, Назарбаев зияткерлік мектебінде қаланғанына қуаныштымын.

4 бетте



Шекара шеген-деліп, бауырымыз бүтін-делгенмен тұтқиылдан шабар жауды назарда ұстаған дұрыс. Иә, бүгінгі қазақ әскері де бес қаруын асынып, ел қауіпсіздігін кірпік қақпай күзетіп отыр. Халықты ішкі және сыртқы жаудан қорғап, қалқан болып жүрген азаматтардың қатары қалың. Олар бар және ортамызда жүр. Әйтсе де, қызметтің құпиялығына байланысты көп нәрсені ашып жаза алмайтынымыз өкінішті.

Жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай толағайлар тұрғанда бүйірден біреу соққы жасай қоймас. Әңгіме ауанын өздеріңіз байқап отырған боларсыздар. Ел үшін жасалып жатқан ерен еңбек иелері өздері де сөзге шорқақ келеді. Есесіне

Қару азаматтың айбынын асқақтатады

іске мығым. Көкейдегі сан сауаппен тәжірибелік ату федерациясының директоры, арнайы жасақ ардагері Фабит Тынымбайұлымен сөйлескен едік. Саланың кешегісі, бүгінгі қандай, ертеңге қадам нық па?! Жалпы, қару ұстау турасында ойын білдік. «Ер қаруы – бес қару» дегенге келетін болсақ, Бұл бес қаруды тізбектеудің қажеті жоқ деп есептеймін, өйткені әрбір қазақ мұны біледі деген ойдамын. Қазіргі заманның талабына сай қару-жарақтар (тапаншалар, карабиндер, мылтықтар) барша қарулардың қызметін толық қамтиды. Жауынгер халықтың кешегісін тарихтан білесіздер, бүгінде сол үдеден түскен жоқ. Қайратына мінген қазақ жауынгерлерінің әрбірінің бойында ұлттық рух, асқақтық пен ұлтылық бар. Кеудедегі ұлттық намыс оларды алға жетелейді, елге қызметте шыңдайды», – дейді арнайы жасақ ардагері.

Әрбір қазақ баласының бойында болғаны ләзім қару ұстап, атқа қону – біздің ұлттық құндылықтарымыздың бірі. Егемен елдің еңсесі тік, қадамы нық. Ату федерациясындағы айтулы істер де нәтижелі жемісін беріп келеді.

Азаматтық борышты әскери қызметте қолданып жүрген азамат саланың бүгінгі дамуына тоқталды.

«Қазіргі таңда бұл сала қарқынды дамуда, әйтсе де көбірек көңіл бөлініп, ата-бабамыздың қанымен берілген қару қолдану үрдісін, жастарға жеткілікті және ауқымды түрде жеткізу керек деп есептеймін. Мен барлықтарыңыз білетіндей, арнайы жасақтың зейнеткерімін. Арнайы жасақтарда 17 жыл қызмет өтілім бар. Қызмет барысында әрбір Отан қорғаушы, елінің тыныштығын сақтауды мақсат тұтқан, арнайы және т.б. жасақ қызметкерлері қару қолдану әдістерін жетік меңгеруі – қызметтегі басты талап. Қарумен күнделікті жұмыс істеген соң ерекше қызығушылық пайда болып, білгеніммен бөлісіп, осы саланы дамытып,

насихаттауға атсалысып келемін. Ату өнері – атадан-балаға мирас болып келе жатқан құндылық. Қаншын су емес екені белгілі. Қанымызға сіңген дағды көп.

Мергендік қазақтан Қазіргі бойында да дағдылар бар. Жаттығуда пайдаланып, дағдыға айналдыра дейміз. Өлбетте, ату ұдайы жаттығуды талап етеді. Ықылассыз, ізденіссіз, зейінсіз ату тәжірибиесін жоғарғы деңгейге жеткізу қиын. Тіпті, мүмкін емес дер едім», – дейді қарудың майталман маманы.

Қару азаматтың айбынын асқақтатады. Жеті қазынаның ішіне берен мылтықты жаттығады емес пе?! Мұның да ар жағында үлкен мән жатыр.

«ҚР азаматтары белгіленген тәртіппен қару алуға құқылы. Таңдау әрбір азаматқа берілген. Заң талаптарын орындай отырып, қарудың болғаны абзалырақ. Алайда азаматтар ол қаруды қолдану мәдениетін жетік біліп,



арнайы семинарлардан өтіп, теориялық және практикалық сабақ алғаны дұрыс деп есептеймін», – дейді білікті маман. Иә, жеті қазынаның бірі деп дана халқымыз қадірлеген қаруды алған бір бөлек, оны қолдану мәдениетін меңгеру де – бір бөлек. Ол – үлкен өнер. Аян СПАНДИЯР

Ауыз су: Сала

Бүгінде Қазақстанның оңтүстік аймақтары, әсіресе, Қызылорда облысы экологиялық мәселелермен бетпе-бет келуде. Сену қиын болғанмен, қиындық қатарында аймақ халқын орталықтандырылған ауыз су жүйесінде қосу олқылығы бар. Оған Сырдария өзенінің су қорының тапшылығы мен өңірдегі жерасты су көздерінің

азаюы жанама әсер беруде. Тіпті су құбырларын салу, оларды ел игілігіне беру ісіндегі заңсыздықтар аталған мәселенің ілгерілеуіне кедергі. Бұл экологиялық мәселе ғана емес, халықты ауыз сумен қамтамасыз етудегі күрделі олқылық болып тұр.



Кемшіліксіз емес

Ресми дерекке сенсек, облыс халқының 98,3 проценті ауыз сумен қамтылған. Басым бөлігі топтық су құбыры мен оқшау су көздерін пайдалануда. Дегенмен су сапасының нашарлығы,

орталықтандырылған жүйеге қосылмаған елді мекендердің бары жасырын емес. Арнайы топтық құбырға қол жетпеген тұрғындар ауыз суды тасып, сапасы төмен су ішуге мәжбүр болуда. Бұл –

Арал мен Жаңақорған ауданы аралығындағы 30-дан астам ауылдағы тұрғындардың мұң-мұқтажы.

2 бетте

Жалғасы. Басы 1-бетте

Ауыз су: Сала кемшілігіз емес

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңесте 2040 жылға қарай су тапшылығы болатынын болжаған еді. Тіпті елді мекендердің толық ауыз сумен қамтылмағанын да айтты.

– Қазір елімізде 600 мыңнан астам адам таза суға зәру. Бұл – ауылдағы ағайын ғана емес, қала халқы үшін де өте өзекті мәселе. Ірі шаһарлардың инфрақұрылымы жылдан-жылға артып келе жатқан сұранысқа жауап бере алмай отыр. Тіпті Астананың өзінде су тапшылығы қатты сезіле бастады. Басты себептің бірі – құрылыстың көбеюі. Үнемшіл болмасақ, таза су беретін жаңа нысандарды іске қосқанмен, тапшылықты жоя алмаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Жалпы, Қызылорда облысының ауыз сумен қамту жүйесі орныққан. Басым бөлігі топтық су құбырлары мен оқшау сумен жабдықтау жүйелері бойынша ауыз сумен қамтамасыз етілген. Жер асты су қорынан алынатын судың көлемі топтық су құбыры бойынша тәулігіне 142 466,76 м³ және оқшау сумен жабдықтау жүйелері бойынша тәулігіне 84 944,708 м³ көрсеткішін құрайды.

Осы орайда мәселенің бірнеше олқы тұсы байқалады. Олардың қатарында топтық су құбырларын іске қосудағы заңсыздық, су сапасы және жерасты су көздері туралы нақты ақпараттың аздығы болса керек.

Алдымен топтық су құбырлары туралы айтайық. Облыста су құбырлары арқылы ауыз сумен қамтуда бірізділік қалыптастыруға жұмыс жүргізілгені рас. Нәтижесі де байқалады. «Арал-Сарыбұлақ» су құбыры арқылы Арал, Қазалы аудандарындағы елді-мекендер «тіршілік көзіне» қол жеткізсе, «Талап-Сырдария» арқылы Шиелі, Жаңақорған ауылдары ауыз суға қосылды. Алайда 2019 жылы іске қосу жоспарланған «Талап» су құбырының мәселесі жыл

соңында ғана шешім тапқаны қаншама ауылдың суды тасып ішуіне итермеледі. Мердігер мекеме тарапынан жасалған кемшілік БАҚ-қа жарияланып, құзырлы мекеме құқықтық әрекетті жасағанмен іс созылған еді. Тіпті аталған мәселе мәжіліс мінберінде көтеріліп, халықтың жан айқайы естілді. Міне, жыл соңында әрең дегенде іске қосылған су құбыры қазіргі таңда 28 елді мекенді ауыз суға жеткізді. Су құбырын жаңарту, салу ісінде жүйелі бақылау мен мердігер әлеуетін алдын ала анықтау ісіндегі кемшілік түйткілге себеп.

Екінші мәселе – су қорының тапшылығы. Жыл сайын көтерілетін мәселе болғанмен, ол өзектілігін жоғалтқан емес. Траншекаралық су ресурстарын пайдалану аймақтағы ауыз судың негізгі көзіне айналған. Сондықтан аталған тақырып келешек су қорына әсерін тигізбей қоймайды. Осы орайда География институты директорының орынбасары Саят Әлімқұловтың трансшекаралық су көздерінің аймақтық бөлінісі туралы пікірі ойға оралады. Ол медиакеністікте тараған мәлімдемесінде статистикалық деректі мысалға келтіріп, Қызылорда облысының ахуалын тілге тиек еткен болатын. Айтуынша, су ресурстарын пайдалану көрсеткіші тапшылықты да дөп басуы ықтимал. Яғни, қай өңір су қорын көп тұтынса, болашақ мәселе де сол облыс төңірегінде өрбімек.

– Еліміздегі 8 су шаруашылық алаптарының 7-еуі – трансшекаралық. Нұра-Сарысу алабы ғана түгелдей өзіміздің аумақта орналасқан. Қазақстанның жергілікті су ресурстарының, яғни өз аумағында қалыптасатын судың басым бөлігі Ертіс (46) және Балқаш-Алакөл (31 процент) сушаруашылық алаптарына тиесілі. Салыстыратын болсақ, бұл көрсеткіш Арал-Сырдария сушаруашылығы алаптарында – 6 процентті, Жайық-Каспийде – 5,8 процентті, Есілде – 4,1 процентті, Тобыл-Торғайда – 2,5 процентті, Шу-Таласта – 2-2,5, процентті, Нұра-Сарысу су шаруашылық алаптарының 2

процентті құрайды. Арал-Сырдария алабында 3-3,5 км³ су ғана өзіміздің аумақта қалыптасады. Қалған судың бәрі Сырдариямен ағыс бойымен жоғары орналасқан елдер аумағынан келеді. Бұл суды халқы ең тығыз орналасқан Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары пайдаланады. Қай аймақта су тапшылығы барын осыдан-ақ көруге болады, – дейді маман.

Жуырда жерасты су қорының азайғаны туралы ақпарат тарайды. Бірі мұны табиғи процеске теліп, қайта қалпына келетін құбылыс десе, енді бірі өңірдегі кен орындары мен экологиялық зардап салдарынан қалпына келмес қиындық санайды. Десе де аталған тақырыптың аймақтағы су қорының азаюына ықпал еткенін жасыра алмаймыз.

Осы орайда инженер-гидрогеолог Анар Тілеулесованың болжамы ақылға қонымды секілді. Маманның айтуынша, елде тұрғын су қорлары туралы мәлімет аз әрі ғылыми зерттеу аясы тар. Ықтимал қиындыққа да осы фактор әсер етеді.

– Елімізде тұрғын су қоры қанша екенін ешкім білмейді. Оған қоса 3,5 мыңнан астам жерасты көздері бар дегенімізбен, жер-жерде табиғи су көздері, бұлақтар тартылып қалып жатыр. Халықтың 93 проценті таза ауыз сумен қамтылған деп айтып жүрсе те, мәселе көптеген өңірлерде өзекті болып отыр. Жалпы, тұрғын су қоры 2025 жылға 75 текше шақырымға дейін, ал 2050 жылға дейін 50 процентке азаяды деген болжам бар, – дейді Анар Тілеулесова.

Әрине, соңғы жылдары саладағы жетістікті де айтпай кетуге болмас. Арнайы министрліктің құрылуы, су тұтынуды реттеу үшін қолға алынған мемлекетаралық жобалар іске асуы салада серпін барын аңғартады. Өңірде де жүйелі жұмыс бар. Мысалы, өткен жылы инвестициялық бағдарлама арқылы 3,7 шақырым ауыз су жүйесі мен қаладағы 11 ұңғымаға күрделі жөндеу жүргізілсе, облыс орталығындағы «Бәйтерек» тұрғын ауданын ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін 7 ұңғыма қолға алынды. Сондай-ақ был Шиели ауданында Қызылқайың және Қосүйеңкі елді мекенінде ауыз сумен қамту жүйелерінің және бас су қоймаларының құрылысы жүргізілгені де үлкен жаңалық. Демек, мәселе ғана емес, шешім де бар деген сөз.

Р.МАҚСҰТ



Сөз бостандығы мен ақпарат еркіндігі жайында ой айтарда, аталған саладағы мүдделер қақтығысы мен «жұмсақ күштердің» ниетін қаперге алу маңызды. Демократиялық құндылық, құқықтық даму деген ұранмен әлеуметтік желідегі арандату, ақпараттық билікті уысында ұстау әрекеті байқалатынын көріп жүрміз. Әрине, бұл Қазақстанда ғана білінетін үрдіс емес, дегенмен елдегі ақпараттық шабуылдың көрінісі күдікті ойға жетелейді...

Ғаламтор кеңістігіндегі ақпараттың үлес салмағы дәстүрлі БАҚ-тан әлдеқайда артық. Осы орайда оқырманның жағдайдың нақтылығы мен дереккөзін дәл беретін дәстүрлі БАҚ-тан алыстап, мәліметті интернеттен іздеуге үйір болуын мамандар түрліше түсіндіреді. Бірі «радио пайда болғаннан кейін газеттердің дәуірі аяқталып, теледидардың пайда болуы газеттер мен радионың жұмысын тоқыратады» деген тұжырым айтса, енді бірі жағдайды технологиялық мүмкіндіктің жаңа сатыға көтерілгенімен байланыстырады. Қалай болғанда да интернет күнделікті ақпарат көзіне айналғаны анық. Сондықтан ондағы ақпараттың нақтылығы, құрылымы мен бағыты турасында бір сәт ойланып қойған артық етпейді. Себебі әлеуметтік желі мен ғаламтордан тексерілмеген шикі ақпараттың құрбаны болған қоғам экономикалық-саяси өзгерістерді теріс қабылдайтын деңгейге өтуі ықтимал. Оның үстіне шетелдік саяси топтар, қаржылық алаяқтықпен айналысатын ұйымдардың да арандату бағытындағы ақпараты әлеуметтік желіде желдей есіп жүр. Өз кезегінде мұның барлығы ақпараттық қорғанысы әлсіз желі қолданушысын уысына түсіруге талпынатыны сөзсіз. Сондықтан әлемдік қауымдастықтар, мемлекеттер өзіндік ақпараттық қауіпсіздік заңы мен тұжырымдамасын әзірлеп, қауіпсіздіктің жаңа деңгейін қалыптастырып үлгерді.

Қазақстан ақпараттық қауіпсіздік саласында нәтижелі жұмыс істеуде. Мысалы, жақында ақпараттық қауіпсіздік мамандарын даярлау үшін киберполигон құру да жоспарлануда. Ал 2021-2022 жылғы оқу жылында «Ақпараттық қауіпсіздік» мамандығы бойынша білім гранттарының саны 2632-ге дейін артқан. Мұндай қадамның қауіпсіздік үшін маңызды екенін ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Асхат Оразбек былайша жеткізеді:

«IT саласы өте жылдам дамып келеді, ақпараттық қауіпсіздік те бәрін қуып жетіп келеді, сондықтан адам өз саласының нағыз маманы атану үшін ЖОО білімі жеткіліксіз және қайта даярлау қажет. Біз ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мамандар кезең-

кезеңімен жаңа сын-қатерлерге дайындықтан және қайта даярлаудан өте алатын алаң құрамыз».

Соңғы уақытта әлемдегі ақпараттық соғыстың мазмұны сан құбылды. Адамдардың салқынқанды ойлай алмауы, ақпаратты тексеруге құлықсыздығы, жалған ақпаратты бөлісуге құмарлығы жағдайды шиеленістіре түсуде. Әрбір желі қолданушысы өзіне келген мәліметті талдап, таратар алдында дұрыстығы мен мәнін түсінер болса, жағдай анағұрлым оңалар еді. Осы тұста жергілікті медиа-тренер, цифрлық қауіпсіздік саласының маманы Ерболат Тұрсынқожаға «әлеуметтік желі мен ғаламторда өзіңді қауіпсіз сезінудің қандай жолы

лас болатынын ұмытпау керек.

Қаншалықты объективті ойлау дағдысы қалыптасқан адам болсаңыз да, күндердің күнінде сол кісіден үздіксіз естіген ақпараттың құрбаны боласыз. Егер олар ақ түсті қара десе, уақыт өте сіз де ақ түсті қара деп қабылдауыңыз бек мүмкін. Әрине, бұл символикалық мысал. Сондықтан ақпараттық кеңістікке мән беру абзал. Екіншіден, кез келген жаңалықты бөлісуге асықпаңыз. Әрбірін әбден елеп-екшеп, шындығына көз жеткізу керек. Мұнымен шектелмей, әлеуметтік желіде пікір білдіріп, ақпарат таратарда «бұл ақпарат қоғам мен ел тыныштығын бұзбай ма?» деген сауалға жауап іздеу шарт. Себебі

Ақпараттық қауіпсіздік несімен құнды?

бар?» деген сауал жолдаған едік. Маман желі қолданушысына қажетті құнды пікірмен бөлісті:

«Халық үшін интернет, әлеуметтік желілер ең қолайлы коммуникация құралына айналды. Десе де, қазақ қоғамында мұндағы ақпараттың теріс немесе пайдалы-пайдасыз екенін саралайтын иммунитет қалыптасып үлгермеді. Әрине, бұл бағамда қабілеті әр азаматта әртүрлі деңгейде болғанымен, әрбірі ие болу қажет дағды. Әлемде ақпараттық майдан жүруде. Түрлі мәдени ықпал, саяси өзгеріс адамдарды неге сендіргісі келсе, сол бағытта ақпарат тарату арқылы ойға алған мақсатын орындауда. Ал бұл құрыққа түспеу үшін бірнеше кеңеске құлақ асса жеткілікті.

Ең бірінші, ақпараттық кеңістігіңіздің мазмұнына маңыз беріңіз. Сіз әлеуметтік желіде қай қолданушының жазбасын көп оқысаңыз, көзқарасыңыз сол кісімен шама-



Соңғы уақытта медиа-қоғам мен интернет-қауымдастық өкілдері Қазақстандағы әлеуметтік желіні пайдалану алгоритмін сынға алғанын жиі естиміз. Байқасақ, себебі де жоқ емес секілді. Мәнісі – мемлекет тарапынан БАҚ-тың баламасына айналған әлеуметтік желі мен сайттардағы контентті талдау осалдығы, ақпараттық қауіпсіздік деңгейінің төмендігі. Себебі осы олқылықтың салдарынан елдегі жалған ақпарат, шетелдік теріс саяси идеология, діни жат ағымдардың насихаты интернет-әлемде белең алуы. Тіпті жыл басында орын алған оқиғаның ушығуына ғаламтордағы жалған ақпарат пен үндеу әсер еткені жасырын емес. Мұның барлығы қоғамның ақпараттық қауіпсіздік турасында сауатты болуын қажет ететінін көрсетті.

Берен ШАҒЫРОВА

Жалғасы. Басы 1-бетте



Қазақ баласы Real Madrid, Disney, Nickelodeon-ды маңғалдырды

Қазақстанда жапыраққа сурет қиып салатын жалғыз суретші

Әлем бойынша жапырақты қолданатын бір-екі суретші бар. Ал Қазақстанда әзірге Қанат топ бастап тұр. Дегенмен, негізгі жұмысы Назарбаев Университетіндегі Қанат әзірге біржола сурет өнеріне кетпей жүргенін айтты. – Бұл – жеке пікірім, дегенмен, қазір біздің қоғам мұндай өнерді беріле қабылдамайтын сияқты. Білерім, мен салып жүрген суреттер сату жағына келгенде өте жоғары сұранысқа ие болмай отыр. Бірақ қай жерге барсам да Қазақстанға қатысты дүние жасағым келеді. Мысалы, Вашингтонда жүріп, алмаға Алтын адамның суретін салдым, Лондонға барғанда алмаға киіз үйдің суретін ойдым. Содан кейін сол қаланың көрікті жерін артқы көрініс қылып таңдап, өзіміңіз туған еліміңіздің бір бейнесін кадрға түсіріп аламын. Шетелдіктер таныс

жердегі бейтаныс элементтерге қатты таң қалады. Тек шетте емес, Қазақстанның түкпір түкпіріне барсам да, туған жерімнің таңғажайып табиғатын суретке саламын. Негізі жапырақ ұзаққа шыдайды. Бәрі қайда және қалай сақтағаныңа байланысты. Өдетте кітаптың арасына салып қоямын. Онда бірнеше жыл сақтауға болады. Менде жапырақты ұзақ сақтаудың тағы бір тәсілі бар. Оны эпoxidті шайырға саламын. Одан алып, келтірген соң, ол әйнек секілді көрінеді, – дейді ол. Кейіпкерімізде идея жетіп артылады. Қол босаған кезде немесе ерекше шабыттанған сәтте соны іске асырады екен. Одан бұрын әлемде және елімізде болған оқиғаларға бейжай қарамайды. Мысалы, жуырда ел ішінде үлкен резонанс тудырған зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік жаһандық кампаниясы басталған болатын. Қазақстандағы өкілдігінен зорлық-зомбылықтың түрлі әдістерін бейнелейтін суреттер сериясын салу туралы тапсырыс алдым. Ол желтоқсан айының ортасына дейін жалғасады. Өкілдіктің Instagram-дағы ресми парақшасында әр апта сайын түрлі суреттер қамтылған бейнероликтер мен маңызды ақпарат салынып отырады» дейді кейіпкеріміз.

Қанат қалай «Mortal Combat»-тың амбассадоры атанды?

Кейіпкеріміз әлеуметтік желіде 10 жылдан аса белсенді. Барлығын осында жүктеп, бөлісіп отырады. Айтуынша, уақыт өте парақшасында қозғалыс күшейіп,

жазылушылар көбейген. Оның басты себебі – Қанаттың Real Madrid клубы бастаған челленджге қатысуы. – Бұл оқиғаға дейін 80 млн жазылушысы бар 9gag парақшасы жұмысымы бөліскен еді. Содан кейін әлемдік компаниялардан ұсыныстар түсе бастады. Бірінші болып Nickelodeon балалар телеарнасының өкілдері жазды. Олар көктемгі маусымға сары жапыраққа түрлі кейіпкер-терді қиып салу туралы ұсыныс айтты. Одан соң Disney компаниясының өкілдері байланысқа шықты. Оларға «Суық жүрек-2» және «Малефисента-2» сюжеттеріне сурет салып

бердім. Сосын Nickelodeon-ның еншілес компаниясы Nick Jr-дан хабарласып, олармен әріптестік орнаттым. Әлем көрерменін жаулап алған Пэддингтон, Спанч Боб және Сквидвард, Чаки мен Пепе торай секілді кейіпкерлердің суреттерін қиып салдым. Сосын барып Real Madrid клубымен байланыс орнады. Олар команданың ойын барысын бейнелейтін арт жобалар байқауын жариялады. Ол кезде қоржынымда клуб капитаны Серхио Рамостың бейнесі қиып салынған жапырақ болатын. Мұны байқауға жібергенімде, олар оны ұнатып қалып, ізінше клубтың 149 млн жазылушысы бар жеке парақшасына жүктеп қойды. Олар тек салумен шектелген жоқ, хабарласып, байланыс орнатты. Күні кешеге дейін бірлесіп жұмыс істедік. Алдағы уақытта да жұмыс жалғасады, – дейді кейіпкеріміз.

Ал жаңалықтың төресі жақында Қанат «Mortal Combat 1» амбассадоры атанды. Былтыр қараша айында Warner Bros. Games кампаниясы бұл ойынға жарнама кампаниясын бастаған. Қуантатыны, үздіктердің қатарынан дарынды қазақ баласының табылғаны. «Мені жапыраққа қиып салатыным үшін таңдаған секілді. Кейін наурыз айында жарнама кампаниясы басталған кезде Сарышаян мен Джейннің суретін салу бақыты бұйырды. Ал тамыз айында Mortal Combat 1 ойынының басты кейіпкері Лю Каннның бейнесінен стоп моушн жасауды ұсынды» дейді Қанат.

Алдағы уақытта кейіпкеріміз әлем комикстеріне қызығатын Marvel, DC компаниялары, сондай-ақ Netflix компаниясымен бірлесіп жұмыс істеуді жоспарлап жүр.

Мөлдір СНАДИН

Транспорттың түр-түрі саяхатқа бірдей қолайлы емес. Әсіресе ұзақ сапарда жолда қалу қауіпі жоғары. Десек те Дәулет Мұрсал мен жары Карина Мұрсал көлікпен саяхаттаудың кереметін айтуда. Шартарапты шарлаған отбасымен сұхбат құрудың сәті түсті.

– Мамандығыңыз – медицина. Ал көлікпен саяхатқа уақытты қалай табасыз және идея қалай келді?

– Иә, хирург дәрігер ретінде жеке емханада жұмыс істеймін. Жылына 30 күн еңбек демалысым бар. Саяхаттау үшін сол уақытты пайдаланамыз және мейрам күндерін де қалт жібермейміз. Келіншегім екеуіміз әр сәттің есте қаларлықтай өткенін қалаймыз. Мәселен, Наурыз мейрамында 1 аптаға Грузияға, шілде айында Маңғыстауға барып келдік. Ал қарашада еңбек демалысының жартысын алып, Түркияны шарлап қайттық. Осылайша 10 мың шақырым жолды артта қалдырдық.

Тоқтаусыз көлік жүргізу оңай емес. Түркияға жеткенше және кері жолда 5 күн бойы 12-14 сағаттан рөлде отырдым. Күш-қуат соған кетеді, жалығып кетесің. Бірақ қиыншылықтың бәрі ұмытылады. Есте тек саяхаттың ерекше әсері қалады. Қалаған жеріңе аз шығынмен барам десең, құрбан ету керек. Біздің жағдайымызда бұл уақыт пен жол.

Блогымыздан саяхаттауымыздың эволюциясын байқауға болады. Алғашқыда қолымызда түк болған жоқ. Соған қарамастан 2019 жылы Өзбекстанға бардым. Хостел және коучсерфингтарда тұрып, қоғамдық көліктермен саяхаттадым. Кейін таныстардан палатка, төсекқап және рюкзак алып, автостоппен Қырғызстан мен Маңғыстауға сапар шектік.

2020 жылы саяхаттық жабдықтарды алып, әкем берген приора көлігімен саяхаттай бастадық. Өткен жылы 22 күнде Өзбекстанды сол приорамен аралап келдік те, саяхат барысында бізге автоуї керек деп шештік. 2023 жылдың тамызында Volkswagen T3 минивэн көлігін алып, Шығыс Қазақстан

облысына бардық.

– Көлікпен ұзақ сапарға шығудың қауіпі де бар. Осы жағына тоқталсаңыз. Келеңсіздік орын алды ма? Немесе қандай қызықты жайттар болды?

– Көлікпен ұзақ сапарға шығуға қорықпау керек. Ең бастысы, сенімді көлік. Біздің көлік 1986 жылғы. Бірақ 10 мың шақырымды сыр бермей өтіп шықты. Өрине көлікке жақсылап көңіл бөлген жөн. Жолға шықпас бұрын алдын ала дайындалып, қосымша бөлшек пен кілттерді алып жүремін. Екі жылдық көлікпен саяхатымызда мәселелер туындаған жоқ. Бір рет Өзбекстанда дөңгелек дискі майысып қалып, шиномонтажға апарып түзеткеніміз бар.

Ал 2022 жылы Ақтөбе облысының Аққұм жеріне барып, құмына батып қалғанбыз. Солай Алтай Батыр ауылының жігіттері көлікті шығаруға көмектесті. Мұның бәрі саяхаттың қызық естеліктері ретінде естен кетпесі анық.

– Көлікпен саяхат жасау қаншалықты ақша үнемдейді? Бұдан өзге артықшылықтары қандай?

– Негізі көлікпен саяхаттау арзан емес. Баға қалтаға қонымды болу үшін белгілі талаптарды ескеру керек. Мәселен, газ, яғни арзан жанармай қолдану қажет. Екі адамнан артық болмау. Сондай-ақ палатка немесе көлікте қонуды жоспарлаған жөн. Бұл да шығынды азайтады. Тіпті тағамды да сыртта сатып алмай, әзірлеген тиімді. Егер осы шартты бұзбаса, көлікпен саяхат арзан болады. Шекарадан өткеннен кейін қойылатын талап та бар. Яғни көлік құжаты таза әрі сақтандыру да мерзімінде болу тиіс.

Көлікпен саяхаттың басты артықшылығы – еркіндік. Қайда, қай жолмен баратыныңды, қай жерде тоқтайтыныңды өзің шешесің. Ешкім асықтырмайды. Қазақстанның көп жерлерінде дұрыс инфрақұрылым жоқ. Сондықтан бұл саяхат түрі ең тиімді деп ойлаймын.

– Саяхатқа деген

қызығушылығыңыз артпаса кемімейтін тәрізді. Жалпы, сіз үшін саяхат деген не?

– Саяхат – кең дүниені тану. «Ауылынан шықпағанның ақылы ауылдасынан озбайды» деген сөз бар. Саяхат ой-өрісті кеңейтуге, таным-түсінікті арттыруға мүмкіндік береді. Стереотипті бұзады. Әлемнің алыптылығын, адамдардың жақсылығын және әртүрлілігін түсіндім. Барып, өз көзіңмен көргенге дейін ой түйіндеу қате шешім. Сондықтан әлемді аралауға, жайлы күйді сезінуге кеңес берер едім.

Осыған дейін саяхаттаған жеріміз аз емес. Әзірше жылына 2 мемлекетке баруды жоспарлап жүрміз. Одан бөлек, еліміздің көз жауын алатын, тарихқа тұнған, тұмса табиғаты бар өңірі өте көп. Оларды аралап жүру де шетелге барғаннан кем емес. Өйтеуір саяхатымыздың саябырсымайтыны сөзсіз.

Жақында оқырмандар арасында сауалнама жүргізген болатынмын. 40%-ында шетелдік телқұжат жоқ, шетелге де шығып көрмеген. Егер шынайы статистикаға жүгінсек, жағдай одан да жаман екенін көреміз.

– Саяхаттауда тіл білудің маңызына тоқталсаңыз. Жалпы шетелдіктер сырттан келген туристі қалай қабылдайды?

– Тілді жетік білмеймін. Ағылшын тілінен деңгейім Pre-Intermediate деп ойлаймын. Бірақ шетелдіктермен сөйлесуге ұялмаймын. Айтарымды анық түсіндіре аламын. Тіл білмеу – әбестік емес. Соның салдарынан шеңберден шыға алмау бұрыс. Гаджеттер арқылы тікелей аударма жасап, тіл табысуға болады. Түркияда болғанда түрік тілін тез үйрендік, өйткені ол қазақ тіліне ұқсайды. Адамдармен түрікше-қазақша ағылшынша араластырып сөйлестік.


Саяхат барысында адамдарға жылы қараймыз. Өкінішке қарай, көбі өзбек, қырғыз қазақтарды жек көреді деп ойлайды.

Шындығында жағдай мүлдем басқа. Егер сәлемің түзу, ниетің дұрыс, сол елдің мәдениеті мен тілін құрметтесең, саған да ықылас білдіреді. Бізге Ресейден басқа барлық жерде жылы қарады. Қонақжайлығын көрсетуге тырысады. Қолдан келгенді аямайды. Неғұрлым туристік емес, жергілікті халық тұратын жерге барсаңыз,

Түркияға саяхатымызда тіпті танымайтын түріктердің үйінде де қонып шықтық.

Сұхбаттасқан Замира ҚОНЫСЖАН

Автоуїмен саяхат Қазақстанда енді дамуда



соғұрлым сол халықтың қонақжайлығын көру мүмкіндігі жоғары. Өйткені туристік жерде туристерді ақша ретінде ғана көреді.



МҰҒАЛІМ БОЛУ – БІР БАСҚА, ҰСТАЗ БОЛУ – ТЫМ БӨЛЕК

Ұстаздың мәрейдін өсіріп, мәртебесін үстем ететін басты нәрсе – шәкіртке берген білімінің нәтижесі. Иә, қоғамда ұстаз атына лайықты білімнің шырағын жағып, шәкірт санасына сәулелендірген жандар жетерлік. Таяуда ғана республикалық деңгейде Оқу-ағарту министрлігінің «Үздік педагог» атағын иеленген жерлесіміз Әсел Пірмағанбетова осы қатарда. Ол аймақтағы алдыңғы қатарлы білім ошақтарының бірі – С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен бала оқытып, шәкірт тәрбиелеп келеді.

деп жазушы Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, оқушысы үшін алаңдаған мұғалімнің абыройы асқақ, жетістігі жарқын болары хақ. Қазіргі таңда нағыз ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеу керек. Өзі ісін адал атқара отырып, жан-жақты болуы қажет. Осы үдеден шыққанда ғана жай мұғалім емес, нағыз ұстаз деуге болады», – дейді білікті маман.

Сыр еліндегі білім саласының құрметті ардагері Марк Захарович «Әрбір шәкірт есімдік тәрізді, жерге сепкен дәннің барлығы бір уақытта шықпайды, әрбірінің гүлдейтін өз уақыты бар» деген еді. Иә, ұстаз алдындағы ондаған, жүздеген, тіпті мыңдаған шәкірттің жан дүниесіне үңіліп, жүрегіне жол таба білу керек. Әсел Шаймағанбетқызы бұл ретте өзінің ұстанымы мен өзіндік көзқарасы арқылы шәкірттің қанатын қатайтып, шыңға бағыттап келеді.

«Шәкірт – мен үшін өзіндік ойы, көзқарасы, пікірі қалыптасқан, еліміздің ертеңі болатын тұлға.


Ұстаздық – білім мен қабілеттің, ар мен таланттың түйсікпен тұсынан туатын құдыреті күшті мамандық. Ұстаз болуға деген талпыныс маған да жас күнімде өз ұстазымның игі мінезіне, адами болмысына, даналығы мен даралығына деген құрметімен туды. Қазір қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде рухы күшті тілімнің қадір-қасиетімен, әдебиетіміздің мәйегімен шәкірттерімізді сусындатудамын. Әрине, асқан зор жауапкершілікті қажет ететін мамандық. Мен үшін «Үздік педагог» атағына қол жеткізгеннен бөлек, оны алып жүру – үлкен мәртебе, зор жауапкершілік. Бұл жеңіс алдағы уақытта әлі де шыңдалуға, ізденуге, шәкірттерімізді алға жетелеуге, тынбай еңбек етуге серпінді берді. Мен мамандығымды сүйіп, осы

жолда өзімнің бар қажыр-қайратымды жұмсаймын», – дейді шәкірт жанашыры.

Әселдің бұған дейін де жеткен жетістіктері бір атанға жүк болардай. Ол 2019 жылы Қызылорда облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал 2020 жылы ізденімпаз ұстазға облыстық білім басқармасының Алғыс хаты табысталды. Облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Құрмет грамотасымен, Қызылорда қаласы әкімінің алғыс хатымен және қаржылай сыяпат – 150 000 теңге сертификатымен марапатталды. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің кемел тұлғасын қалыптастыруда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде және білім саласын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін Құрмет грамотасының иегері. Иә, осындай мықты ұстаздар білім сапасының артуына барынша тер төгіп, еңбектеніп келеді. Әсел Шаймағанбетқызы ұстаздық ететін С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейінде өз ісінің хас шеберлері жұмыс істейді. Таудай биік талаптың тұлпарын мінген қазақпен дарынды жастарын тәрбиелеп, топқа қосуда әрбірінің қосып жүрген қомақты үлесі бар.

«Әсел – республикалық «Үздік педагог» байқауынан жеңімпаз

атанған төртінші ұстаз. Оның кәсіби біліктілігі жоғары, шығармашылық тұрғыда жұмыс жасауы, педагогикалық ұжымдағы креативті ойлаудың жарқын көрінісі екені даусыз. Білім ордасы ұстаздары қалалық, облыстық, республикалық байқаулар, өкім гранттары иегері қатарынан көрінумен бірге «миллион» ұтып алған көшбасшы ұстаздарымен де ерекшеленуі – қазіргі уақыт көшінен қалмайтынын, өскелең ұрпақты сапалы білім, өнегелі тәрбие беруде мемлекетіміздің білім саласындағы стратегиялық бағыты



үлкен жауапкершілікті бай-

қатады», – дейді мектеп директоры Ләззат Әбеннова.

Мамандыққа деген адалдық – асыл қасиеттердің бірі. Мұғалім болуды шын жүректен қалап, мамандыққа деген махаббатыңды оятқанда ғана әрбір ісін тиянақты, нық, жемісті болатынын айтады «Үздік педагог».

«Менің ойымша халықтың мамандық таңдауы – өз еркінде. Дегенмен, бұл мамандыққа бағыттамас бұрын бірінші әлеуметтік жағдайды басты орынға қоймай, баланың икемділігіне, ерекшелігіне баса назар аударса екен деймін. «Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» демекші, жас жеткіншектерге сапалы білім, саналы тәрбиемен сусындататын жауапты мамандыққа бей-жай қарап, келе салу жауапсыздық деп ойлаймын. Өйткені бір ұстаздың артында жүздеген, мыңдаған шәкірт тұр. Бір ұстаз сонша баланың қалыптасуына, білім алуына, еліне, жеріне, Отанына адал қызмет етуіне себепші болады. Сондықтан мұғалім мамандығын тандар қас алдымен осынша жауапкершілікті ойлау керек. Ал сенімді болса, онда талай шыңды өңсерер мықты болатыны анық», – дейді ол мамандық жайлы әңгімесінде.

Нағыз ұстаз балаға білім беруді ғана емес, оның толыққанды тұлға болып қалыптасуын назарға алады. Өйткені алдындағы шәкірті өзінің баласындай. Сол үдеден шығу үшін бойдағы бар қажыр-қайратты жұмсап, жүрек түбіндегі мейірім мен махаббатты төгеді. Иә, ұстаз алдында адамзат баласының қарызы да, парызы да зор екені даусыз. Себебі «Мұғалім – мектептің жүрегі».



Жалғасы. Басы 1 бетте

«Білімдінің күні – жарық» дейді дана халқымыз. Білім алу үшін не керек, қандай қабілет керек? Бұл бағытта орта маңызды ма?

«Кез келген жетістіктің артында 99% еңбек пен 1% талант тұрады» дегенді қолдаймын. Өмірлік ұстанымым десек те болады. Адам өзін белгілі бір салада шыңдау үшін еңбек пен тәртіп бірінші орында тұрады. Мақсатын белгілеп, оған жетер жолын жоспарлап алған әрбір адам шын мәнінде жетістікке жете алады. Адам баласының қалыптасуына ортасы маңызды рөл атқарады. «Егер сіз бес миллионермен аралассаңыз, алтыншысы сіз боласыз» деген бар. Сіздің ортаңызда өз уақыты мен мүмкіндігін, әнергиясын ұтымды басқара білетін адамдар болса, сіз де өз мақсатыңызға жетер жолды айқындап, оған күш саласыз. Сондықтан сапалы білім алу үшін аспандағы айды алар құдырет керек емес. Бар болғаны ниетіңіз, дұрыс орта және тертіп болса, жеткілікті.

«Германияда алып жатқан біліміңізге қандай баға берер едіңіз? Қандай мүмкіндіктер бар? Біздің елдің олардан үйренері көп пе екен?»

«Осы жерде ерекше тоқталып өтетін бір нәрсе бар. Германияда оқуды таңдағанымның басты себебі практикалық түрде мамандану. Мен үшін бұл маңызды ерекшелік. Алған теориялық білімді тәжірибеде жүзеге асырып, өзіңді сынайсың. Оқып жүрген университеттің басты ұстанымы осында жатыр. Бұл көп нәрсені шешеді. Студенттердің өз мамандығы бойынша машықтануына, оқу бітірген соң қолына дипломын

ұстап, бос қалмауына жасалған жағдай. Жұмысқа орналасқанда алдында не күтіп тұрғанын білемін, жұмыс процесімен алдын ала таныс боламын. Бұл жұмыс берушінің де, жұмыскердің де мәселесін шешеді. Қазақстандық студенттерге осы нәрсе жетіспейді. Рас, елімізде теория мен тәжірибені ұштастырып, қолға алып жатырған оқу орындары бар. Бірақ тағалымдамадан өтушілерге жауапкершілікті тапсырмалар бермейді, аяққа оратылмас үшін жеңіл жұмыс беріп қойып, ісімен айналыса береді. Бұл ешқандай да құпия емес. Ал Германияда мүлдем басқаша. Өзі ісінің хас шеберлері ізінен

шәкірт тәрбиелеп, оларға бойындағы бар қабілеті мен өнерін үйреткісі келеді. Оны көріп тұрған студенттің ұмтылысы еселеп арта түседі. Бұл нәрсені біз немістерден үйренуіміз керек.

«Біздің елде, өзіңіз оқыған білім ошағында бәсеке бар ма? Жалпы, білім алуда бәсеке қаншалықты керек?»

«Бәсеке алдыңғы орында тұрады. Иә, мен сондай адаммын. Бала кезден өнер мен ғылым бағытындағы көптеген байқауларда бақ сынадым. Өзімді жан-жақты қырылман байқап көрдім. Міне, осы нәрсе бәсекеге қабілетті болуға, төтеп беруге, өзгенден оза жүруге тәрбиеледі. Әрине, бәсеке дегенді дұрыс жағынан түсінуге және оны қабылдауға үйрендім. Өйткені, оның екінші қыры бар. Одан қашық жүрген абзал. Көпшілік бәсеке мен бақталастықты ажырата алмай қалып жатады. Бұл жерде таза бәсекені айтып отырмын. Әрқашан алда болуым керек деп өз-өзіме мотивация сыйладым, әлі де солай келемін. Айналадағы кез келген адамның жеңісі одан да күшті болуға итермеледі. Өзгелердің жеңісіне куана аламын, қызғанбаймын, ал бәсекелестерің жауың емес, олар сенің жеңіс жолыңдағы сапарластарың. Осыны әркез ойда ұстау керек. Бәсекелестеріңсіз өз бойыңдағы мінді табу қиын, биікке өрлегенде артқа тартатын қандай қасиеттің барын да оларсыз таба алмайсың. Сондықтан бәсеке дегенде де оның ең жақсысын таба білу керек.

«Жетістікке жетуде сіздегі ұстаным қандай және сізге мотивация берген қандай күш?»

«Германияда білім алу ең биік мақсаттарымыңның бірі болды және бұл

мақсатымның өмірімді өзгертіп жіберетініне сендім. Германияға оқуға түсу үшін неміс тілін С1 деңгейіне дейін үйренуім керек болатын. Айтарлықтай көп уақыт болған жоқ, сондықтан жағдайың жеңіл емес екенін сезіндім. Өзімнің мүмкіндіктеріме сергек көзқараспен қарап, шыңдай түсуім керек болды. Әрбір минут, әрбір секунд, тықылдап жүрген сағат тілі мүмкіндіктер алаңымды тарылтып жатқандай еді. Үзіліс, қолым қалт еткен әрбір сәтте неміс тілін оқып, емтихан тапсырмаларының байқау сынақтарына тапсырдым. Күн санап білімді арттыра түстім, неміс тілінен сөздік қорымды кеңейттім. Ойын-сауықты, қызықты кештерді ысырдым, бәрінен бас тартуыма тура келді. Есесіне тынымсыз ізденістің арқасында алған беттен қайтпайтын қайсарлықымның көмегімен емтиханнан өтіп, сертификат алдым, Германияның 9 жоғары оқу орнынан шақырту алдым.

Ең бірінші адам өзінің мақсатына қаншалықты ынтық, қаншалықты құмар екенін сезіну керек.

Сіз мақсатыңызға жету жолында қандай нәрседен бас тарта аласыз,

қаншалықты жан-тәңізізбен беріле аласыз, осының бәрін сараптаңыз. Мақсатқа жетуде дұрыс шешім қабылдап, дұрыс таңдау жасай білу керек. Міне сонда ғана сіз мүмкін еместі шынайы өмірге алып келе аласыз.

«Сіз үшін өмірде ең маңыздысы не? Бәрінен бұрын не нәрсені биік қояр едіңіз?»

«Бұл сұрақтың жауабы қарапайым. Мен үшін ең бастысы – отбасы. Мына ғаламда одан артық ешкім де, ешнәрсе де жоқ. Өзімнің бақыт өлемімді қалап, алтын ұяның іргетасын нықтасам деймін. Өмірімдегі ең басты құндылық – отбасы. Өзіңді қауіпсіз, бейқам сезінетін, ешкім ешқандай қуа алмайтын ең құмбат орта. Кеуденді ең ғаламат сәттермен, бақытпен, шаттықпен, қуанышпен толтыратын, өзіңді дамытуға барынша көмектесетін, қуансаң қуанып, мұңайсаң мұңаятын, сенің өсуіңе бар күшін салатын орта – отбасың. Ол – сенің командан. Болашақта өзіңнің мақтаншыңа айналуың керек ортаны қалыптастыру үшін ең алдымен өзіңді дайындауың керек. Бұл – ең үлкен жұмыс.

«Оқуыңызды бітірген соң жоспар қандай? Сонда қаласыз ба, елде елге



үлкен жауапкершілікті бай-

қатады», – дейді мектеп директоры Ләззат Әбеннова.

Мамандыққа деген адалдық – асыл қасиеттердің бірі. Мұғалім болуды шын жүректен қалап, мамандыққа деген махаббатыңды оятқанда ғана әрбір ісін тиянақты, нық, жемісті болатынын айтады «Үздік педагог».

Нағыз ұстаз балаға білім беруді ғана емес, оның толыққанды тұлға болып қалыптасуын назарға алады. Өйткені алдындағы шәкірті өзінің баласындай. Сол үдеден шығу үшін бойдағы бар қажыр-қайратты жұмсап, жүрек түбіндегі мейірім мен махаббатты төгеді. Иә, ұстаз алдында адамзат баласының қарызы да, парызы да зор екені даусыз. Себебі «Мұғалім – мектептің жүрегі».

«ШЫНАЙЫ МАҚСАТ БОЛҒАНДА КӨЗДЕГЕНІҢЕ ЖЕТЕСІҢ»

келіп қызмет етесіз бе?

«Шетелдік компанияларда жұмыс істеу арқылы тәжірибе жинау – зор мүмкіндік және бұл мүмкіндікті жіберіп алмауға тырысамын. Бірақ өмір бойы шетелде тұрақтап қалу тілегімдегі нәрсе емес. Ау бастан Қазақстан мен Германия арасындағы логистика саласындағы мүмкіндіктерді зерттедім. Оның болашағы зор екеніне көзім жетті. Осы саладағы қат мамандардың арасында елге қызмет етіп, өзімді осы саладан табатыныма сенімдімін. Осы жерде ерекшелеп айта кететін нәрсе: отбасымды, шаңырағым мен керегемді атамекенімде қалап, өзімнің туған жеріме туымды тигізім керек. Бұл – принципім. Болашақта өзімнің кіндік қаным тамған қасиетті қазақтың ортасында балаларымды туған тілге, Отанға, ұлтқа жанауып етіп қалыптастырғым келеді. Олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіргім келеді. Ал мұндай үлкен жұмысты бөгде елде жасаған дұрыс емес. Қазақ мұндайда «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деп кесіп айтқан. Ал дүниетанымыңды кеңейтіп, көзқарасыңды байыту үшін төртқұл дүниені шарласаң да қылмыс емес. Ол – өзіңді дамыту.

«Білім ошағына ақжолтай тілегіңізді білсек...»

«Түлеп ұшқан алтын ұям – Қызылорда қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебіне жасаған зор мүмкіндіктер үшін алғыс айтып келеді. Оқу орныма талантымен талайды тәңті етіп, білімнің биік шыңын бағындырар, білім ошағының беделін көтеріп, мәртебесін үстем етер болашағы зор шәкірттері көп болуын тілеймін. Білім ошағымыз, алтын ұямыз көркейе берсін, дами берсін, қарқыны арта берсін.

«Уақыт тауып, сұқбат бергеніңіз үшін алғыс білдіреміз.

Бетті дайындаған: Дәулет ҚЫРДАН



АУТИЗМ АХУАЛЫ АЛАНДАТАДЫ



Бала ауырса, жаның ауырады. Ал аутизмге шалдыққан балалардың жайы тіпті ауыр. Аутизм – осыдан 30 жылдан астам уақыт бұрын өте сирек кездесетін, алғашында психикалық ауытқу болып танылған дерт. Баланың даму күйінің тежелуі, айналасындағы оқиғалар мен жағдайға ешқандай реакция білдірмей, тек қана өз әлемінде болу. Әрине, бала мұны өзі байқамайды, қарбаласта өзінің де денсаулығына көңіл бөлуге уақыты тапшы ата-ана да көш біліп жатады. Мұндайда бейғам «Бала ғой, әлі-ақ сөйлеп кетеді» деп қазанның бетін жылы жауып қою – қате.

«Бұл – патология. Ерекшеліктеріне тоқталсақ, есімін елеуіме, көзге тіке қарамау, жиі қайталанатын стереотиптік қылықтар, яғни саусақтарымен түсініксіз қимыл жасау, теңселу. Сондай-ақ кейбір қатты дыбыстарға жоғары сезімталдықтың болуы, нақтырақ айтсақ, шаңсорғыш, шаш кептіргіш дауысына құлағын жабу. Эмоцияларды ажыратпау, агрессия көрсету де бар», – дейді «Асыл Мирас» аутизмді бар балаларды қолдау орталығының

диагност маманы Айзат Қанатқызы.

Дерек бойынша Қазақстанда аутизмге шалдыққан балалар 2010 жылдан бастап

тіркелген. Психологиялық дамуы бұзылған балалар саны артпаса, әлі кемімедей. Бұл дертті дөп тауып беретін маман да аз. Себебі дерт әлем бойынша әлі толық зерттеліп бітпеген. Нақты шипасын табу оңайға соқпай тұр. Алайда, ғалымдар баланың дертке шалдығуына генетикалық фактор әсер береді дейді. Психологтардың айтуынша, сырқаттың алдын алса, ем-дом нәтиже береді.

Психология ғылымдарының докторы, профессор О.С.Никольская аутизмді 4 топқа бөледі. Бірінші топ – ең ауыры себебі бала мүлдем естімейтін, көрмейтін қалыпта болады. Екінші топтағылар қоршаған ортамен қарым-қатынасын дамытуда белсенді болып келеді. Үшінші санаттағылар екінші топқа қарағанда ортамен байланысқа шыға алады. Алайда, олар сәтсіздіктерге төзбейді, жетістікке жету үшін құрдымға кетпейтін кепілдікті талап етеді. Соңғы топ мүшелері өте сезімтал. Айырмашылығы, олар ананың көмегіне көп жүгінеді, эмоционалды тұрғыда тәуелді, үнемі қолдауды қажет етеді.

Аутизмнің қауіпті немесе жеңіл сатысын анықтайтын арнайы тест те бар. Ол «tchat» деп аталады. Сауалнама түрінде жүргізіледі. 16 айдан 30 айға дейінгі жаста қолданылады және ата-ананың «ия» немесе «жоқ» деген жауаптары арқылы анықталады екен.

Қазақстанда бұл дертті емдеу үшін арнайы қорлар жұмыс жүргізуде.

Аймақта 2016 жылдан бері «Асыл Мирас» қоры 2000-нан астам бүлдіршінге көмек берген. 1 курс 3 айға созылады. Сала маманының айтуынша, егер коррекция жұмыстары үзбей жүргізілсе, жетістікке жетуге болады.

Дегенмен ауруды қолдан жасап алатын жағдайлар да таңсық емес. Баланың кекештеніп сөйлеуі, көзді қатты ашып-жұмысы, саусақтарын ыңғайсыз қозғалту іспеттес жағымсыз әдептерді бойына сіңіру сияқты жайттарды кездестіріп жатамыз. Сонымен қатар кей ата-аналар баланың тілі шықпаса мардымсыз уайымға бой алдырады. Бұған себеп аутизм деп те қате пікірге келеді. Уайым орынды болғанмен, міндетті түрде тексерістен өткен жөн. Дефектолог мамандар баламен тығыз байланыста болуға үндейді. Мамандар тағы қызықты фактіні ортаға салды. Өлі тілі шықпаған баланың сана-сезімін қалыптастыру үшін телефоннан шектеп, танымдық нәрселермен айналысуға бейімдеу қажет. Себебі бала көргенін қайталайды және ол өз әлемінде қалып қоймауы тиіс.

Нұршат НЫШАНОВА



ЗИЯТКЕРЛЕР ҮЗДІК АТАНДЫ



Астанада өткен «INFOMATRIX ASIA-2023» халықаралық компьютерлік жобалар байқауының қорытындысы бойынша Қызылорда қаласындағы зияткерлік мектеп оқушылары екі жоба бойынша үздік атанды.

Ақпараттық технологиялар саласын дамыту және дарынды оқушылардың үздік жобаларына қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылған додаға 184 жоба ұсынылды.

Сыр өңіріндегі Зияткерлік мектеп атынан қатысқан Жұлдызай Мұнайбасова, Раушан Тұрғанбай мен Арайлым Өшірмет үй жағдайында жүрек ақауын анықтайтын электрокардиограф және саусақ ізі арқылы адам денсаулығы туралы ақпарат беретін өнертабыстарын таныстырды. Екі жоба да жоғары бағаланды. Ал авторлары алтын медальмен және Алматы Энергетика және байланыс университетінің грантымен марапатталды. Сонымен қатар Арайлым Өшірметке Сүлейман Демирель атындағы университетте білім алуға 50 пайыз жеңілдік табысталды.

ТҮРІКТЕР ҚЫЗЫЛОРДАДА ТҰРҒЫН ҮЙ САЛУҒА НИЕТТІ



Түрік-неміс компаниясы қала әкімдігімен әріптестік қатынас орнатуға ниетті. «Торкам» холдингінің өкілдері шаһар басшысы Асылбек Шаменовпен кездесті.

Кездесуде холдингінің директоры Дурмаз Адил Қызылорда қаласында арендалық тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар салуға мүдделі екендігін жеткізді. Бұл компанияның Түркия, Германия, Нидерланды, Болгария, Алжир, Люксембург және Конго Демократиялық Республикасында шамамен 5000 адамнан тұратын командасы бар. Құрылыс саласында күрделі жобаларды жүзеге асыруда.

«Әлеуеті зор холдингінің ұсыныстарына қала әкімдігі тарапынан қолдау жасалады. Салынатын үйлер мен әлеуметтік нысандарға жер бөлініп, қажетті инфрақұрылым жеткізіледі. Ең басты талап – құрылыс жұмыстарына жергілікті тұрғындар тартылуы керек», – деді шаһар басшысы Асылбек Өмірбекұлы. Әзірге ұсынылған жоба мамандармен жан-жақты зерттеледі.

ЗАМАНАУИ РЕАНИМАЦИЯЛЫҚ АППАРАТ АЛЫНДЫ



Облыстық перинаталдық орталыққа жергілікті бюджет есебінен заманауи үлгідегі жаңа туған нәрестелерге арналған Т-тәрізді схемасы бар неонатальды ашық реанимациялық жүйе аппараттары сатып алынды.

Ашық реанимациялық жүйе – шала туған балаларды емдеуге және олардың дене температурасын бірқалыпты ұстап тұруға арналған медициналық құрылғы. Мәселен, шақалақтың дене қызуы 37,5°C – 36,5°C шегінде болуы тиіс. Бұл аппарат ауаның температурасының жайлы деңгейі мен сәулелі жылу беру қызметін атқарады. Сондай-ақ құрылғыда фототерапия шамы бар. Бұл – нәрестелердің неонаталды сарғаю кезеңінде емдеудің негізгі түрі. Нәрестелер арасында бұл диагноз жиі кездеседі.

Құрылғы жаңа туған нәрестелердің өмір сүруін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті функциялармен жабдықталған. Жаңа аппарат перинаталдық орталықтың дөрігерлеріне одан да тиімді көмек көрсетуге және патологиясы бар жаңа туған нәрестелердің өмірін сақтауға мүмкіндік береді.



Аманкүл Қапанова – Қазалы ауданының тумасы. Облыстық мемлекеттік архивте 2 санатты археограф. Бүгінде тарихи құнды деректерді жариялауда еңбек етіп жүрген маманмен мерекеге орай тілдестік.

– Қызықты салаға қалай келдіңіз?

– Архив

саласындағы еңбек өтілім – 9 жыл. Тарихи жадыны сақтаушы археограф ретінде құжаттарды пайдалану және жариялау бөлімінде экскурсиялар, лекциялар өткізіп, ашық есік күнін ұйымдастырамын. Сонымен қатар архив құжаттарын мәдени-ағарту және насихаттық мақсатта пайдалану барысында мақалалар жариялап, түрлі жобаларды іске асырамыз. Атап айтар болсақ, «Құжаттар сөйлейді», «Тарихи толқынында» айдары, облыстың құрылғанына 85 жыл толуына орай «Туған өлке – тұнған шежіре» атты тарихи-танымдық рубрикалар көптің қызығушылығын оятты.

– Құжатты қалай бағалайсыз? Қандай бағдарламалар бар?

– Архив құжаттарын пайдалануда құжаттардың физикалық жай-күйі жоғалады, мәтін өшеді. Сондықтан оларды қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар архивтік құжат түпнұсқаларына реставрация жасалады.

– Сала күрделі. Шетелдік ғалымдармен тәжірибе алмасасыздар ма?

– Архивке Қазақстанның өзге облыстарынан, сонымен қатар Ресей Ғылым Академиясының қалмақ ғылыми орталығынан, Кореядағы Донгук университетінен, Мэриленд штатының университетінің ғалымдары келіп зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар «Архив-2025» бағдарламасы аясында шетел архивтерінен биыл Орынбор мемлекеттік архивінен Сыр өңірінің тарихына қатысты құнды

ОРЫНБОР АРХИВІНЕН СЫРДЫҢ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰЖАТТАР ТАБЫЛДЫ

құжаттардың көшірмелері алынды.

– Құжат сақтау тәртібі қалай?

– Қоғамның бай тарихи шежіресінен сыр шертетін архивтегі әр құжат құнды. Мұндағы әр іс, әр құжат ескелең ұрпаққа шашауы шықпаған күйде жеткізіледі. Құжаттарды сақтайтын қойма талаптарға сай болуы қажет. Қоймаларда күнделікті жинау, тазалық, температуралық режимді бақылау, жарықтан, биобүлінуден сақтау жұмыстары жүзеге асып отырады. Арнайы құралдармен (стеллаждар, шкафтар, қораптар, папкалар) қамтамасыз етіледі. Құжаттар қараңғы жерде сақталады. Күн

мөлшері, зейнетақы жарналарының аударылуы, білімі және т.б. сұраныстары жатады. Өтініштерді қабылдау және архивтік анықтамаларды беру мемлекеттік архив кеңсесі, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес

сәулесі

түспеу қажет. Архив мынадай температуралық режимі қамтамасыз етіледі: қағаз жеткізгіштердегі құжаттар үшін температура 17-19 °C, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 50-55 % болуы керек.

– Көбіне зейнеткерлікке шығатын кісілер жұмыс істегенін дәлелдей алмай, архивке жол тартады. Бұл орайда сіздер қандай көмек бересіздер?

– Қызылорда облысының мемлекеттік архивінің негізгі қызметтік бағыттарына жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық сипаттағы және тақырыптық сұраныстарын орындау кіреді. «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес жүргізіледі. Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін бұл мемлекеттік қызметке дәстүрлі түрдегі еңбек өтілі, жалақы

акционерлік қоғамы, www.egov.kz. «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асады. Көрсетілетін қызметті берушіге құжат тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметтің нәтижесі 11 жұмыс күні ішінде беріледі. Архив – мемлекеттің кешегі және бүгінгі тарихының сақтаушысы. Ұрпақтар ауысса да, архив құжаттары қалады. Ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай қорғап, сол қалпында ұстап отыру – архив қызметкерлерінің қасиетті борышы деп білеміз.

– Сұқтабыңызға рақмет! Келе жатқан кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын!

Мәлдір САБЫРЖАН



ОЙДЫ ОЙ ҚУАДЫ НЕМЕСЕ КӨШЕ КЕЗБЕСІ МЕН ТАНЫМАЛ ПЕДАГОГТІҢ ОТБАСЫ



Бұрын, жастау кезімізде мән бермедік пе, әлде ол уақытта шыныммен қазіргіден өзгеше болды ма, той-томалақ та, құдажолы-садақа да, басқа да кәделі салт-жоралғыларға байланысты басқосулар дәл бүгінгі күнгедей көп емес сияқты еді. Сияқты деп күлбілтөлегенше, анық солай десем, маған өшкім мұның жалған дей қоймас. Өйткені қазір сенбі, жексенбіні былай қойғанда, аптаның жұмыс күндеріндегі түскі үзілісті пайдаланып, тіпті мезгілсіз, көшкі уақыттың өзінде шақырған жерге баруға тура келіп қалады және шақыратындардың бәрі де бөтен емес, ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-көлем, қысқасы, сөзін жерге тастай алмайтын қимас жандар.

Үйде де, түзде де, БАҚ-та да, әлеуметтік желіде де «айлық аз, қылдай қымбатшылық, бір басымызға бірнеше несиеміз бар, тағысын тағылар» деп желдей есіп бұрқылдап-бұрқылдап аламыз да, «ойбұй, ертең пәленшенің 50 жасы, арғы күні анау кімнің 60 жасы, одан кейін түгеншеніңде тұсаукесер, одан кейін жұмалығы, қырқы, жүзі» деп біресе қиқулап билеп, біресе көз жасын сығып ескі сұрлеуге түсе жөнеле береміз. Қазағымыздың, қандастарымыздың көпшілігінде осындай жағдай десем, қателесе қоймаспын. Ешкімді де кінәлайын деп отырған жоқпын, бұл да өміріміздің бір бөлшегі екені рас, бірақ тойлағанның жөні осы екен деп арасын ұзатпай тойхананың есігін тоздыра берудің де, көңіл айтқанның жөні осы екен деп, ет жақыны болмаса, былайғы көпшіліктің қаралы шаңыраққа да қайта-қайта бара беруі әдепке де, қоғамдық пайдалы өмір салтын ұстанудың жазылған және жазылмаған ережесіне де сәйкес келмейтінін өтірік дей алмаспыз.

Дәл қазіргі уақытта бізге той қуғаннан гөрі, ой қуған мен қой қуғанның, ұрпақ тәрбиесіне көбірек көңіл бөлудің пайдасы анағұрлым өзекті болғаны дұрыс еді. Тіпті қазағымыздың тойларының мән-мағынасыз, жүрек айынтарлық дарақылық сипат ала бастағаны соншалық, әлеуметтік желілердегі соны мәртебе көріп ойсыз мақтаншып салынған сундет тойдағы баланы тойханаға атпен кіргізу, байғұс жануардың кейбір өзінен өресі төмен жандардың қылығынан үркіп аспанға секіріп омақаса құлауы, жарқыраған еденге тезек тастауы, тойханаға қымбат көлікпен кіру, баланы таққа отырғызып, төбеге көтеріп, надандық дәуіріндегі фараондарға ұқсатып алып жүруі, жас жігіттердің әйел адамды төбелеріне көтеріп таққа отырғызып, тойхана ішіндегі үлкен-кіші, бала-шағаның арасымен ән айтқызып алып өтуі, жындана жұлқынған жас пен көрінің анайы бий, тағы басқа осы тектес оспадарлықтарды көргенде, өзге ұлттың не олайтынын қайдам, тіпті өзіміз «әлемде тоғызыншы орын алатын территорияны қанын төгіп қорғап осы күнге жеткізген, Аңырақайда атой салған, жоңғардың желкесін үзіп тұқымын түздай құртқан, тағы басқа толып жатқан ерлік, даналық шежірелерінің иесі болған бабаларымыздың ұрпағы шыныммен де осы біз бе?» деген ойдың еріксіз қылаң беретінін де жасыра алмайтын күйге жете бастаған сияқтымыз.

Той-томалақтың көптігі өз алдына, Құдай сақтасын, өлім-жітім де тым жиілеп кеткендей. Мұны айтатын жалғыз



мен емес, бас қосатын жерлердегі көпшіліктің әңгімесі осы тектес. Айтқым келгені, өзге ұлттан ондайды байқамаппын, бірақ көп жағдайда біздің қазақтың менталитетінде үлкендер жүрген жерде міндетті түрде бала-шаға, жасөспірімдер жүреді, болшақта біз салған сұрлеумен солар жүреді, бізден естігенін айтады, көргенін жасайды, жақсы өнеге қалдырып жатсақ нұр үстіне нұр, ал біздер, қазіргі ересектер Құдай сақтасын, ата-бабалар аманаттаған ұлағатты ұлы жолдан ауытқып бара жатқан болсақ ше?! Тіпті артық кетсем де айтайын, дәл бүгінгі күні ұрпақ тәрбиесінен гөрі ата-ананың, яғни үлкендердің тәрбиесі проблемға айналып бара жатқандай ма деп қаламын. «Бір жылдығыңды ойласаң астық өсір, жүз жылдығыңды ойласаң ағаш ек, мәңгілігіңді ойласаң ұрпақ тәрбиеле» деп бекер айтылмаған шығар. Ендеше, ұрпақ тәрбиесі тал бесіктен бастау алғаны жөн емес пе...

Осыдан біраз жыл бұрын телеарнадан Қазақстандағы жапон елшілігінің қатардағы қызметкері, жапон қызы туралы деректі фильм көрдім. Қазақстанға келгеніне үш-ақ жыл болған әлгі қыз қазақ тілінде сөл ғана ажітпен сөйлегені болмаса, керемет жетік сөйлеп отырды. Көшеде келе жатқанда жергілікті ұлт өкілдерінің, қазақтардың өзін қазақ екен деп қалай сұрақ қойғанына ерекше ықыласпен жауап қайтара жүріп, өзі де қазақтармен етене сөйлесе жүріп қазақ тілін меңгеріп кеткенін мақтаншып жеткізді. Журналистің сұрағына жауап бере отырып қазақтың тойына да қатысқанын, тойға не себепті жүздеген адамның шақырылатынын, той дастарханына осыншама аста төк тағамның қойылатынын, тойдың шектен шыға шулы болатынын, үлкендер жүрген жерде не себепті балалар жүретінін түсінбейтінін, ал өз елінде отбасылық тойларда отыз-қырық, ары кетсе елу адамнан аспайтынын айтты. Әлем бойынша өркениеті, мәдениеті, өнеркәсібі дамыған алдыңғы қатарлы елдердің бірі жапон елінің ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беретінін де тілге тиек етіп өтті. Ұлттық рухы да жоғары, білім жүйесі де алдыңғы қатарлы бұл ел ұрпақ тәрбиесіне мұқият көңіл бөледі екен. Білім саласына соңғы жүз елу жылдың ішінде бірнеше рет терең реформа жүргізілген, ол реформаның негізгі мақсаты «өзге мемлекеттердің озық білім жүйесін пайдалану, бірақ жапон рухы мен ойлау, сөйлеу қабілетінің ауытқуына жол бермеу». Аталған идеология күні бүгінге дейін Жапония білім беру жүйесінің бірден-бір даму стратегиясына айналып келеді екен. Жапон халқының басты тұлғасы императордың жарлығында «сәбиден бастап үлкендерге дейін алдымен өздерінің рухын және моральдық бастауларын сақтауға тәрбиеленуі керек, ал содан кейін олар өз қабілетіне қарай әртүрлі пәндерді меңгеруіне болады» деп көрсетілген дейді жапон қызы. Бүгінгі жапон мектебі – ұлттық рухтың өсуіне

ықпал ететін, өз тәрбиеленушілерінің бойында ең алдымен ұлтқа тиесілі моральдық нормалардың болуын қалыптастырып, ұлттық мінез-құлықтың негізін дамытып отыратын мектеп. Жапон қызының осы айтқанын кезінде қойын дәптерге түртіп қойғанмын және өз басым дәл бүгінгі күні біздегі кемшін түсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесіне жетпей жатқанының бір қыры осы ма деп ойлаймын.

Жапондықтарды жайына қалдырып екінші бір айтқым келгені, осыдан отыз жылдай бұрын мынадай бір дерек оқыдым. ДДСҰ немесе Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеу дерегіне сүйенсек, әр адам баласының денсаулығының елу пайыз жауапкершілігі оның өзіне, яғни саламатты өмір салтын ұстануына тікелей байланысты екен. Шағын тізімін жасайтын болсақ, дұрыс тамақтануға мән беру, зиянды әдеттерден, ішімдік, темекі, есіртік, зинақорлық, толып жатқан күмәнді сусындардан, адамды аздыратын құмар ойындардан аулақ болу, жылы жүру, ой еңбегін дене еңбегімен қатар алу, қолдан келгенше жүйкеңді жұқартпау, қысқасы, өз елінің ең қымбат қазынасы мен басты байлығы болуы тиіс әр адамның ең алдымен өз-өзіне жанашырлық танытуы. Ал жиырма пайыз денсаулықтың түйтікілі тұқым қуалайтын ауруларға тікелей тәуелді. Қалған жиырма пайыз денсаулық экологияның еншісінде екен, яғни әлгі адам өмірін ойыншыққа айналдырып, қу құлқынның қамынан басқаға қырын қарап, айналапы ұлап жүрген миттал, ситталдар, Арал, Байқоңырымыз бар, тағысын тағылар, айтпақшы ұмытып барады екенмін гөй, экологияға, денсаулыққа бөлінген қаражатты тиесілі тұсқа жұмсамай өңешінен өткізіп жіберіп жүрген жемқорлардың да осы жиырма пайызда үлесі бар екенін жоққа шығара алмаспыз. Денсаулықтағы қалған он пайызына дәрігерлер жауапты дейді ДДСҰ, яғни Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы. Ақылға салып ойланғы қараған адамға бұл деректермен келісуге болатын сияқты, әсіресе саламатты өмір салтын ұстануға байланысты. Өйткені әр адам баласы ең алдымен өзіне жаны ашымаса, кейінгі ұрпағына жаны ашымаса, жер бетінде өмір кешуде мән-мағына қала ма?

Бұған қоса әлеуметтік желіде мынадай деректі байқап қалдым. Америкалық ғалымдар осыдан жүз елу жылдың арғы жағында өмір сүрген көше қаңғыбасы және маскүнем болған Макс Джек деген пенденің ұрпақтары саналатын 840 адамды зерттепті. Сонда жүз жыл ішінде олардың арасынан 63 қарақшы, тонаушы, 50 жезөкше, 7 кісі өлтіруші, 300 қайыршы, мезгілсіз ажал құшқан 200 адам, туа бітті ақыл есі кем 200 адам шығыпты. Тек 20-сы ғана қалыпты өмір сүріпті.

Ал америкалық қоғам белсендісі, танымал педагог Джонатан Эдвардтың отбасынан тараған 1394 адамды зерттегенде, оның ұрпақтарынан жүз жыл ішінде 13 жоғары оқу орнының ректоры, 100 пастор, яғни дін қызметкері, 75 әскери генерал, 60 ақын-жазушы, журналист, мемлекеттік қызметкер, 180 зәңгер, 80 элита мүшелері, яғни қоғамды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап отыратын әр саладағы

ақсүйектер қауымы, 3 сенатор және 1 АҚШ Президенті шығыпты. Бір ғана баланың нашар тәрбиесі мен тегі келесі ұрпаққа қалай әсер ететіні туралы жоғарыда келтірілген сандар түсінік беретін шығар.

Жаңа заманның озық технологиялары, жаһандану үрдісі қанатын кенге жайып, тамырын тереңге жіберіп, халқымыз ұлттық құндылықтарынан қол үзіңкіреген тұста, ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешкен ата-бабаларымыздың ұлағатты ұстаным, насихаттарының, шешендік сөздерінің қадір-қасиетін жан-тәнімен ұққандай болады екенсің. Осыған қарап-ақ олардың ұрпағының тал бесіктен тәлім алып, ұясынан ұшып шыққанға дейінгі тәрбиесіне аса ықтиятты болғаны аңғарамыз. Қазіргі таңертеңнен қара кешке дейін телефонның тегітін тұрткілеуден жалықпайтын жас ұрпақтың бойынан сыпайлық, инабаттылық, мейрімділік қасиеттерінің азайып бара жатқанын көріп, бұлардың болашағы не болады деген суық ойдың сумаңдап қоя берді.

Ұрпағымыздың келешегі кемел, ертеңі еңселі болуына, алға қойған арман мақсатына алаңсыз қол жеткізуіне мүдделі болсақ, ұлттық тәлім-тәрбиенің тұнып тұрған асылы мен інжу-маржанын бойына сіңірумен бірге әр ата-ана тал бесіктің жан-жақты тазалығына асқан жауапкершілікпен көңіл бөліп, одан кейінгі сатылы білім ордаларындағы тәрбиесіне де ұстаздармен бірге атсалысса, ертеңгі ел жанашыры, ел қорғаны, ұлт ұстыны болатын азаматтардың да қатары қалындай түсеріне күмән қалмас еді.

Әлімжан ҚИЯС, Өйтеке би кенті

ЖАСТАР ТЕЛЕАРНАДАН НЕ ІЗДЕЙДІ?

Ақпараттық дамыған заманда қоғам қажеттілігі түрлі жағдайда туындайды. Қоғам дамыған сайын ақпарат түрленеді. Қазір еңкейген көріден еңбектеген балаға дейін теледидардың алдында тәліміріп отырады. Сонда ойға келетін сұрақ күн сайын теледидар тетігін қолға алатын көрермен не іздейді?



көруді доғарып, барлық ақпаратты ұялы телефоннан алады. Ол кішірейтілген теледидар деп айтсақ болады. Ал енді жастар теледидардан не іздейді деген сауалға тоқталсақ... Теледидарда сан мың бағдарлама бар. Ал сол бағдарламаны көрермен алдына ұсынып, еңбек етіп жүргендердің еңбегі орасан. Менің ойымша, жастар телеарнадан өзіне шабыт іздейді. Себебі теледидардағы кино немесе сұхбаттар көрермен назарына ой салу үшін ұсынылады. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып қызмет ететін болғандықтан теледидардан көбіне спорттық бағдарламалар мен жаңалықтарды

тамашалаймын. Ал енді кейбір жастар теледидардан жаңалық іздейді. Әлемдік және Қазақстан жаңалықтарын телеарнадан көруге болады. Атап айтар болсақ, теледидардағы «Балапан», «Қазақстан телеарнасы», спорттық өзге арнадағы бағдарламалар сұранысқа ие деп айтуға болады. Бірақ кейде телеарнадағы ішінде жастардың психикасына әсер ететін бағдарламалар да беріп жатады. Кейде жарнама көп. Бірақ жастарға пайдасы тиетін дүниелерді көбейту қажет. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын, ел болашаған дамытатын бағдарламалар қосу керек. Себебі көріп отырған көрермен ой түйіп, соны дамыту керек деп ойлаймын. Телеарна көрермен көңілінен ойып тұрып орын алу үшін пайдалы

бағдарламалар көрсету керек. Сол арқылы рейтингі жоғары болады. Жастардың көзқарасын, белсенді бағытын қалыптастырып, тәрбиелеудегі теледидардың рөлін зерттеудің әлеуметтік және саяси мәні бар, мұндай бағдарламалардың мақсаты қашан да күрделі, арқалар жұгі ауыр. Себебі жастар – оңы мен солын жаңа аңғарып, өмірдің кілтін жаңа алғандар. Олардың табиғаты еліктегіш, сенгіш. Біз неліктен жас өркендерге тәрбие берудегі теледидардың үлесін көбірек айтпаймыз? Мұның себебі басқа ақпарат құралдарынан гөрі теледидардың аудиторияны қамту мүмкіндігі жоғары және сөзбен де, көрініспен де қызықтырып, иландырып, әсер етер ықпалдығы басым, жедел. Телехабарлар тек мазмұнымен емес, хабарды бере білудің форматымен де ерек. Қорытындылай келе, жастар телеарнадан өзіне қажетті ақпарат қарайды. Әр адамның қызығушылығы әртүрлі. Сондықтан сапалы


әрі пайдалы телеа-




рнар көбіесе дегім келеді. Жастарға қандай да болсын тәрбие денін тепкен нәрсең маңызы зор, мәртебесі биік болары анық. Себебі жастар – егемен Қазастанның болашағы, тәуелсіздіктің көк туын аспандатар тұғыры.

Дархан САПАРЫМБЕТОВ, Қызылорда қаласы

Бірі кино көрсе, бірі көңілді ән тындайды. Енді бірі салықалы сұхбат тамашалайды. Мұде уақыты жоқ адамдар теледидарды



Тоғызқұмалақ – логикалық ойын. Төзім мен ұшқыр ойды ұштастыратын ұлы ойынды көз келген адам есте үйреніп кете қоймас. Алайда ойынның жілігін шағып, ұлттық құндылықты дәріптеп жүрген жастар аз емес. Соның бірі – республикалық, облыстық байқауларда жеңіс тұғырынан көрініп жүрген қызылордалық Ырыскелді Кенжебек.



– Өзіңіз білетіндей, тоғызқұмалақ – шахмат, дойбы, нарды секілді ақыл-ойды талап ететін интеллектуалды ойын. Бұл ойынның нендей ерекшелігі бар?

– Тамыры терең тарих қойнауында жатқан ойын – ата-бабадан қалған асыл мұра. 4 ғасырға жуық уақыт бойы



дәріптеліп келе жатқан құндылығы мол ойынның бүгінгі таңда жанкүйерлері аз емес. Тоғызқұмалақ ойыны математикамен тығыз байланысты. Оны ойнауымыз басты ерекшелігі де осында. Адамның ойын жетілдіріп қана қоймай, тез шешім қабылдауға үйретеді. Жалпы тарихқа көз жүгіртсек, өте қызық жағдайда пайда болған. Бірі білсе, бірі білмес, алайда бұл ойын жазық

далада пайда болды, шопандар қойдың құмалағымен ойнап, тақтаның орнына жерді қазып ойлап тапқан. Философ, ақын Абай да тоғызқұмалақ шебері болған. Інісі Әрхам Ысқақовпен тоғызқұмалақ мектебінің іргетасын қалаған. Бұл ойынды дәріптеушілердің саны мұнымен тоқтап қалған жоқ. Жылдан жылға жаңғырып, заманға сай жаңашылданған тоғызқұмалақ ұрпақтардың дарынды, төзімді, зияткерлік қабілеттерінің мықты болуына сеп. Сол себепті мектеп қабырғасындағы әрбір бала бұл ойынды білсе, пайдасы зор.

– Тоғызқұмалақ ойынының ұлттық мәртебесі жоғары екенін білеміз. Дегенмен өлден тыс аталған спорт түрінің дәрежесі көңіл қуантпайды. Тоғызқұмалақты әлемге әйгілі етіп, турнирлерді жиі өткізуге не кедергі? Бұл спорт түрінің қазіргі жағдайын қалай бағалайсыз?

– Ойын жаһандық деңгейде қанатын кең жайған. Республикалық та, халықаралық, тіпті әлемдік чемпионаттар өтуде. Бұл – қазақ халқының төл ойынын төрткүл дүниеге паш етуге айрықша мүмкіндік. Қазақстанда тоғызқұмалақпен айналысатындар саны 200 мыңнан астам, кәсіби түрде 10 мыңға жуық. Білім ошақтарында, сонымен қатар балаларды дамытуға арналған орталықтарда тоғызқұмалақ үйірмелері тоқтамай қызмет атқаруда. Жақында 14 облыс бақ сынаған чемпионатта облыс намысын қорғап, жүлделі II

орынды қанжығаладық. Дәл осындай додалар тартысты түрде дүниежүзілік деңгейде де өткізіліп, әлемдік спорт аренасында зияткерлік мұрамызды

айшықтауда. Сөзіме қыркүйек айында Алматы қаласында өткен жастар арасындағы әлем кубогі, Нөлқожа Ергешбаевты еске алуға арналған халықаралық турнир, сондай-ақ тамыз айында Моңғолияның Ұланбатор жерінде өткен Азия чемпионаты делен.

– Соңғы жылдары тоғызқұмалақ ойынын мектеп пәндеріне енгізу қозғалып жүр...

– Бұл ойынды балалық шағымның нағыз бастау алған шағында, 5 жасымнан бері жаным серік өткен едім. Ең алғаш рет жарысқа 7 жасымда қатыстым. Содан бері талай жыл өтсе де, әлі күнге дейін тоғызқұмалаққа деген сүйіспеншілігім кеміген емес. 12 жыл бойы ойынмен айналысқан соң қазір кәсіби түрде жетік меңгердім. Бұл ойынның ең күшті үлесі білім алуыма көп септігін тигізді. Жоғарыда атап өткендей, тоғызқұмалақ пен математика тығыз байланысты. Зияткерлік қабілеттерімді тоғызқұмалақ арқылы шыңдадым. Логикалық ойлау ерте жастан қалыптасып, болашақ мамандығымды таңдау барысында да өз рөлін ойнағанын атап өткім келеді. Жалпы айтқым келетіні, мектеп оқып жүрген кезден бастап-ақ білім-ғылым, мәдениет және спорт бағытын меңгеріп, талмай еңбек ету қажет. Сол кезде шындырды бағындыруға болады.

– Өр ойынның өз айла-тәсілі болатыны рас. Қарсыласты ұту үшін қандай ұяшықтан бастап жүрген дұрыс?

– Бәсекесіз сайыс болмайды. Әрине, әр ойынға қамданар алдында қарсыласымызды тыңғылықты зерттеп, айла-амалын білуге тырысамыз, сондай-ақ арнайы партия дайындап барамыз. Өрі қарай ойынның тағдыры тақта үстінде шешіледі. Дұрыс есептеп отырмасаң, бір түйір құмалақты қате жүру жеңістен алшақтатады. Менің әдісіме келсек, ойынды қазақтың қасиетті саны 7-ші отаудан бастаймын. Бұл отаудың атауы «қандықақпан», яғни ойын жүрісі өте көп. Кім мықты, кімнің ойы ұшқыр, кім мұқият – сол жеңіс тұғырынан көрінеді.

– Сұхбатыңызға рахмет! Әңгімелескен Нұршат НЫШАНОВА



ОҚУШЫНЫҢ ОЙ-ӨРІСІН КЕҢЕЙТЕТІН ОЙЫН

ҮШ ХОККЕЙ ҚҰРАМАСЫ ЭЛИТАЛЫ ДИВИЗИОНДА ОЙНАЙДЫ




Мажарстанның бас шаһары Будапеште шайбалы хоккейден жастар арасындағы ІА дивизионының әлем чемпионаты аяқталды. Жаһандық додада Қазақстан құрамасы мерзімінен бұрын біріншіліктің бас жүлдесін жеңіп алды. Жерлестеріміз бастапқы төрт ойында Мажарстан, Франция, Дания, Жапония құрамаларын тізе бүктірсе, соңғы матчта Аустрия жастарына булиттер сериясында есе жіберді. **Жарыс қорытындысында Сергей Старыгин шәкірттері 13 ұпаймен топ жарды.**

Жастар құрамасының аталған жеңісінен кейін Қазақстан тарихи жетістікке қол жеткізді. Атап айтқанда, 2024 жылы өтетін әлем чемпионатының элиталы дивизионында бірден үш құрамамыз – яғни, жасөспірімдер, жастар, ересектер арасындағы ұлттық құрама өнер көрсету мүмкіндігіне ие болды.

Еске салайық, биыл сәуір айында жасөспірімдер құрамасы ІА дивизионындағы әлем чемпионатында бірінші орынды иеленіп, элиталы топқа жоғарылаған. Ал ересектер құрамасы топтық кезеңде үш рет жеңіске жетіп, элиталы топтағы орнын сақтап қалды және топ-дивизионда қатарынан төртінші жыл ойнағалы отыр.

ВЕЛОСПОРТТАН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ



Келесі жылы Алматыда шосседегі велоспорттан Азия чемпионаты өтеді. Астанада Велоспорт федерациясының ұйымдастыруымен өткен форумда спортшылардың биылғы жетістігі сараланып, келер жылдың жоспары айқындалды. Құрлық чемпионаты 5-12 маусым аралығында

өтетін болды.

Бәсекелестікті нығайтып, санға емес, сапаға басымдық беру мақсатында федерация келесі жылы спорттық шараларды қысқартуды қолға алатынын айтты. Маңызы төмен сайыс ұйымдастыру қаржыны желге ұшырудан басқа пайда әкелмейтіндіктен осындай қадам жасалмақ.

ҮЗДІК КАРАТЭШІЛЕР АНЫҚТАЛДЫ



Облыстық каратэ-до және күрес өнерлері федерациясының ұйымдастыруымен 6-15 жас аралығындағы спортшылар арасында каратэден (WKF) қалалық ашық турнир өтті.

Турнир мемлекеттік мереке мен еңбек ардагері Жақсылық Зимановты еске алуға арналды. Қалалық мәдениет және спорт бөлімінің қолдауымен өткен шараға «Аквалайн» ЖШС демеушілік көрсетті. Жарысқа 260 жас спортшы қатысты.

Турнир қорытындысы бойынша Байқоңыр қаласы 50 медальмен І орынды, «Сарбаз» клубы 13 медальмен ІІ орынды, №5 спорт мектебі 11 медальмен ІІІ орын иеленді.

Төрешілер шешімімен «Ката бағдарламасының үздігі» болып катист Ким Ева марапатталды. Сәбит Еңлік «Кумитэ бағдарламасынан оза шықты.

Командалық кумитэ сайысы бойынша ұлдар арасында І орынды Қажымұқан спорт клубы жеңіп алса, қыздар арасында №2 спорт мектебі жеңіс тұғырына көтерілді.

Бетті дайындаған Б.ШАҒЫРОВ

UFC: ЖЕҢІЛІССІЗ ЖОЛ

Лас-Вегаста (АҚШ) өткен UFC 296 турнирінде жеңіске жеткен қазақстандық файтер Шавкат Рахмонов қарсыласына қарағанда 110 мың долларға аз гонорар алды. Аталған сында АҚШ спортшысы Стивен Томпсон жеңілгеніне қарамастан қомақты қаржыға ие болған.

Жекпе-жекте Шавкат Стивен Томпсонмен октагонда айқасқа түскен еді. Отандасымыз UFC аясындағы алтыншы жекпе-жегінде мерзімінен бұрын жеңіске жетіп отыр.

MMA Salaries мәліметі бойынша, Томпсонды жеңгені үшін Рахмонов мансабындағы ең жоғары гонорарды алды. Оның көлемі 306 мың долларды құрады. Яғни, октагонға шыққаны үшін – 150 мың, жеңгені үшін – 150 мың, демеушілік бонустары үшін – 6 мың доллар берілді.

Бірақ бұл сында Шавкаттан Томпсон табыс жағынан басып озды. Стивен – промоушенде ұзақ уақыттан бері өнер көрсетіп жүрген файтер. UFC 296-дан кейін америкалық 416 мың доллар ақша алды. Оның ішінде 400 мыңы октагонға шыққаны үшін және 16 мыңы демеушілердің ынталандыру сыйлығы болып отыр.

Жеңісті сәттен соң Шавкаттың өзі Қазақстан халқына сәлем жолдап, әлеуметтік желі арқылы жылы лебізін білдірді.

«Ассаламағалейкум, Қазақстан! Кеше өз Отанымда үлкен мереке – Тәуелсіздік күні болды. Сондықтан мен бүкіл елді құттықтағым келеді. Жекпе-жекке келетін болсақ, мен оны жеңгеніме қуаныштымын. Енді титул үшін күресуге



лайықтымын деп ойлаймын. Менің келесі қарсыласым бүгінгі чемпиондық жекпе-жекте жеңіске жеткен қарсылас болу керек», – деді Шавкат Рахмонов.

Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев атақты спортшыны құттықтап, алдағы турнирлерде де сәтті өнер көрсетуін тіледі.

«Еліміздің Тәуелсіздік күнінде таң азымын АҚШ-тан

ақжолтай хабар жетті. Аралас жекпе-жектегі ел мақтанышы Шавкат Рахмонов бүгін UFC-де кезекті айқасын өткізіп, қазақ елін тағы бір жарқын жеңісімен қуантты. Ел тұрғындарын қуанышқа бөлеген даңқты спортшымызды жеңісімен шын жүректен құттықтаймын!», – деп жазды министр Telegram каналында.

Айта кетейік, 40 жастағы америкалық спортшы Стивен

Томпсон бүгінге дейін спорттық карьерасында 24 рет октагонға шығып, 17 мәрте жеңіс тойын тойлаған.

Ал Шавкат Рахмоновтың жүріп өткен жолы жанкүйерлердің көз алдында. 29 жастағы қандасымыз 2014 жылдан бері аралас жекпе-жекпен айналысып келеді. Осы уақыт аралығында 17 рет айқас алаңына шығып, барлық бәсекені айқын басымдықпен аяқтады. 8 қарсыласын мерзімінен бұрын тізе бүктірген. Бұл – жерлесіміздің 18-інші жеңісі.

Жекпе-жектен кейінгі баспасөз мәслихаты мен одан кейін де болған сұхбаттарда ол БАҚ өкілдері қызыға, жарыса жазатын ойларын айтып, мәлімдеме жасады.

Одан сұхбаттың бәрінде америкалық журналистер: «Енді кімді жеңуге болады? Кіммен жекпе-жек қиын?» деп сұраған. Ол сұрақтарға Шавкат Рахмонов еш ойланбастан Нганнумен жекпе-жектің оңай болмайтынын айтып, оны жеңе алмайтынын мойындады.

– Усманды жеңемін. Эдвардсқа да тізе бүктіремін. Чимаевты жеңуге болады. Махачевті де солай. Оны жеңе аламын. Нганнуды жеңу қиын. Фьюриді де жеңе аламын. Егер ол MMA ережесімен октагонға шықса, өрине, жеңісті жұлып әкетемін. Майк Тайсон маған соншалықты мықты қарсылас емес. Оны да құлатамын, – деді Рахмонов шағын сұхбатында.

Фрэнсис Нганну – UFC-дің қазіргі ауыр салмақтағы чемпионы. Жақында ол да мәлімдеме жасап, келесі жылдың 22 қаңтарынан бастап UFC-дің келісімшартымен жекпе-жекке шықпайтынын, өйткені жекпе-жекке аз ақша төленетінін жасырмады.

Қазір Шавкат Рахмонов UFC рейтингінде үшінші орында тұр.

Тапқырлығымен тәтті етіп, талантымен өлемге өйгілі болған жастар жетерлік. Демек дамуда дағдарысқа ұшырамаған абзал. Арманы адастырмай, алға ұмтылған жастың қарасы қалың. Соның бірі – Еркебулан Өзімхан. Тілді жетік меңгеріп, түрлі салада бақ сынап жүр. Бірнеше мемлекеттің тарихымен танысып, жинаған тәжірибесі де аз емес.



Жұлдыз – Жорамал

(23 – 28 желтоқсан)

Тоқты

Белсенді болыңыз. Бұл аптада алға қойған мақсатқа жетуге жұлдыздар септеседі. Бойыңызда тың күш пайда болады. Мұндай жағдайда бар уақытыңызды жеке өмірге, отбасына арнаңыз.

Торпақ

Сіз үшін ең жайлы апта болғалы тұр. Түйсігіңізді көбірек тыңдаңыз. Ол сізге кімнің дос, кімнің дұшпан екенін айқын білдіреді. Қосымша табыс табу үшін барыңызды салыңыз.

Егіздер

Жанын салып, асқан қызығушылықпен жұмыс істеуге әдеттенгендер үшін сәтті апта. Жетістік пен мол табысқа кенелу мүмкіндігі жоғары. Басталған істі соңына жеткізуге және ұзақ мерзімді жоспар құруға қолайлы күндер туады.

Шаян

Сәтсіздіктер кезеңі артта қалды. Қай істі қолға алсаңыз да, сәттілікпен қуантады. Бойыңызды шығармашылық энергиясы кернейді. Жаңа нәрсені үйреніп, таным көкжиегіңізді кеңейтуге талпыныңыз.

Арыстан

Айналаңызда тыныштық орнатыңыз. Себебі бұл аптада сізге жұмсалған қуаттың орнын толтыру қажет. Мүмкін болса, мойныңызға көп міндет алмаңыз.

Бикеш

Ойға алған шаруалар мен мақсатты жүзеге асыруға батыл кірісіңіз. Бұл жолда әріптестерден көмек сұрап, қол ұшын созғандарды кері итермеңіз.

Таразы

Бірнеше істі мойныға қатар іліп алмаңыз. Өзіңіз үшін ең маңыздысын анықтап, сонымен ғана жұмыс істеңіз. Қызметтегі белсенділік мақтауға тұрарлық, әрине. Өйткенмен, денсаулық маңыздырақ.

Сарышаян

Бұл аптада қосымша табыс тускелі тұр. Қолыңызға тисе, өзіңіз бен жақындарыңызды қуантуға жұмсаңыз. Бұл сізге позитив пен жағымды энергия береді, адамдармен қарым-қатынасыңыздың жақсаруына септігін тигізеді.

Мерген

Бұрыннан келе жатқан шиеленіскен мәселенің бір ұшығы қолыңызға ілігеді. Сәтін жіберіп алмаңыз. Сол ұштан «тартып» қалсаңыз, көптеген түйінді тарқатасыз. Көптен күткен қаржы қалтаңызға түседі.

Тауешкі

Апта кез келген жағдайда барынша сабырлылық сақтауға тырысыңыз. Сізді араңдатқысы келген, сол арқылы абыройыңызға нұқсан келтіруді қалайтындардың құрығына ілінбеңіз.

Сұқұйғыш

Пайдасы тиетін ықпалды таныстармен қарым-қатынасыңызды жақсартыңыз. Сонда мансап баспалдағымен көтерілу мүмкіндігі туады. Өзіңізге сенімді болсаңыз, осы аптада биікті бағындырасыз.

Балықтар

Дәл қазір сізге ең керекі бойыңызды босаңсытып, тынығу. Жеке өмірде орын алатын кез келген тосынсызға іштей дайын жүріңіз. Егер ол жайсыз болса, еш мойымаңыз. Ойыңызда көптеген жақсы идеялар туындайды.

Сұхбаттасқан
Замира ҚОНЫСЖАН

Глобализация территориялық қашықтықты жойды

– Аустралия, Америка және Малайзияда 10 жыл шамасында тұрған екенсіз. Шетелде ұзақ жыл тұрақта адамды және оның өмір салтын қаншалықты өзгертті?

– Шетелде 2011 жылдан бері тұрып келе жатырмын. Елді сағынған сәтте ұзақ уақытқа барып қайтуға тырысамын. Тіпті министрлікте, өзге де халықаралық ұйымдарда қызмет атқарып, уақытты босқа өткізбей, еліміздің дамуына өз үлесімді қосуды көздеймін. Өйткені Отанға сүйіспеншілік жүрекпен, көңілден өшпейді.

Әрине шетелде тұрақта адамның көзқарасын, әдетін, өмірін өзгертті. Оны біреулер жағымды, енді біреулер жағымсыз деп қабылдады анық. Осы орайда тіл мәселесін айтып өткен жөн. Өзгемнің өмір салты, мәдениеті санаға түпкілікті әсер еткенімен, қазақ тілін ұмытуға себеп болмауы керек. Ана тілімізді сақтау, құрметтеу маңызды.

– Сізді көбіне өзге ұлт өкіліне ұқсататын көрнеді. Бұған қызба мінез танытпай, ақырын жауап бересіз. Айтыңызшы, тағы қандай қызықты жайттар болды?

– Қазақстанда да мектеп жасымнан бастап мені өзге этнос өкілі деп санайтын. Қазір шетелде үндіс пен қытайға ұқсатып, мексикалық, пәкістандық деп ойлайды. Оған еш ашуланбаймын, адам өзін қабылдай білу керек. Қызықты жайттар өте көп болды. Малайзияда таеквондодан жаттықтырушы боп жүргенімде елден келген спортшылардың мен туралы әңгімесін естідім. Біз жаттығып жатқанда арамыздағы қазақ балаға келіп «Тренерлерің кім?», «Анау ма?», «Жаттығуды қай күні жасайсыңдар?» деп сұрады. «Өзінен сұрап көрсеңші» деп жауап алғанда ағылшынша білмеймін деді. Сонда барып «қазақша сұрай бер» дегенімде таңқалған.

– Білімді адамға жұмыс өздігінен табылады деген түсінік бар. АҚШ-та мигранттарға сабақ беруге ұсыныс түсті ме?

– Бұл жұмыс маған ұсыныс ретінде келген жоқ, өзім тапсырдым. Халықаралық құтқару комитеті деген ұйым бар. Әлемдегі ең ауыр гуманитарлық дағдарыстарға жауап береді және адамдарға аман қалуға, өмірін қалпына келтіруге көмектеседі. Яғни босқындарды орнықтырып, олардың өзін-өзі қамтамасыз етуіне ықпал етеді. Негізінен денсаулық, білім, экономикалық әл-ауқат, қуат және қауіпсіздікке бағытталған. Сол ұйымда волонтер ретінде ағылшын тілін сабақ беремін. Білімді адамға жұмыс өздігінен табылады дегенге проактивті адам болу керек деп қосар едім. Жалпы 2012 жылдан бері білім саласына қызығушылығым жоғары және бірнеше жобаны да жүзеге асырып жүрмін.

– Ағылшын тілін меңгеру – заман талабы. Десек те мұны қиын көретіндер бар. Осы ретте ағылшын тілін игерудің оңай әдіс-тәсілімен бөліссеңіз...

– Ағылшын тілін үйренудің бір ғана құпиясы бар.

Ол – ерінбей амал жасау. Мен көп адамды көрдім. Біреуі айтады да үйренбейді, енді біреулер бастайды да тастап кетеді. Сосын мынадай қателік бар. «intermediate» деңгейін бітіріп алсам, кейін үш айдан соң «irreg-intermediate» деңгейін бастаймын деген. Тіл банкке, депозитке салып қоятын ақша емес. Тіл машық, яғни «skill». Оны пайдалану керек, пайдаланбасаң өледі. Әлеуметтік желі, өзге де ресурстардың барлығы жақсы. Бірақ ол пассивті үйрену, сіз тек тыңдап, көресіз. Ал тілде тек қабылдау емес, сол тілде жазып, сөйлеп үйрену қажет.

– «Өзгемнің қаңсығын таңсық етпейк» дейміз. Дегенмен, шетелден не үйренуіміз керек? Олардың дәреже-деңгейін мысал етсеңіз...

– Шетел Өзбекстан да, Қырғызстан да болуы мүмкін. Ал өзім тұрған үш елден үйренетін, ескеретін үш дағды бар. АҚШ-та ерте тұру әдеті қалыптасқан. Таңғы 6-7 арасында таңғы ас ішеді. Жалпы ерте тұрған адамның еңбегі өнімді болады. Оны тіпті шетелден үйрену демеі-ақ, атам қазақ «ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» деп түйіндеген. Аустралияда адамдар өз дене бітіміне, тамағына, денсаулығына жақсы мән береді. Біз де осы жағынан әрекет етуіміз керек. Яғни салауатты өмір салтын ұстану деннің саулығы үшін пайдалы. Ал Малайзиядан үйренеріміз, инфрақұрылымының өзі бізден 50 жылға озып кеткенін айтпағанда, корпоративті-коллективті вайбы ерекше. Өте ұйымшыл, түрлі семинар, ретриттер, іс-шараларды жақсы ұйымдастырады. Бұл басқа елдің мәдениеті мен салтына жармасу емес. Жақсыдан үйрену мен жаманнан жиренудің айырмасын білген абзал.

– Қазір жастарда инновациялық идея көп. Тапқыр, білімге жақын. Олар да шетел асуға құмар. Қалай ойлайсыз, бұл үдеріс қаншалықты дұрыс?

– Әрине, 100% дұрыс. Патриоттық деген территориялық шектеулерге байланып қалмау керек. Глобализацияның әсері территориялық қашықтықтарды жойды. Сондықтан шетелде инновациялық идеяға мүмкіндік болса, міндетті түрде барғаны жөн. Ол ел дамуына пайда әкелері сөзсіз.

Ақиқат пен шындықтың аражігін ажыратып, өзекті мәселелердің басын ашумен қатар, олардың шешімін табуда дебат маңызды рөл атқарады. Толеранттылық, әдеп пен логикалық шеберлік, қырағылық іспеттес адам бойындағы асыл қасиеттердің қалыптасуына үлес қосатын жарыссөздің басқа да берер мүмкіндігі көп. Зияткерлік ойлау қабілетті арттырып, жағдайды сыни көзқараспен талдауды үйретеді. Елімізде 4 мыңнан астам дебат клубтары ашылып, бұл қозғалыс күшейді.

«Дебат – пікірсайыс ордасы. Әрбір білім беру мекемелерінде, колледждер мен ЖОО-да дебат клубтары белсенді жұмыс істейді. Әлемдік деңгейден қалып қалмаған. Қазақстандағы дебат тек қазақ тілінде ғана емес, орыс және ағылшын тілінде де өтіп жүр. Бұл дебат ойындарының халықаралық дәрежеде бақ таластыруға дайын екенін дәлелдейді. Мысалы, Қызылордадағы «Ақиқат» дебат клубы 2014 жылы құрылып, 10 жыл үздіксіз дебат саласын жандандыруға үлес қосып келеді. Жақында Қазақстанның түкпір-түкпірінен 18 университет қатысқан республикалық турнир өтті. Аймақтағы



Дебат – жасарды нобьсырған о-лаң

мектептерде филиал ашты. Жасөспірімдерді дебатқа үйретуге арналған тәрбие сағаттарын өткізуде белсенділік танытты. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қолдауымен көптеген жарыстар мен байқауларда бой көрсетіп жүрміз. Атап айтсақ, Түркістан облысында өткен дебат турнирінде жүлделі I орын, Тараз қаласында өткен турнирде де көш басынан көрініп, I жүлделі орынды қанжығалаған едік. Сондай-ақ оқушылар Жамбыл облысында өткен байқаудан III орын,

Атырау қаласында өткен «Атуған сир» республикалық турнирінің жартылай финалында британдық форматта өнер көрсетті. Қазір ауданаралық балаларды дебат клубтарына бейімдеу қала алынуда. Алдағы уақытта үздік дебатшы-оқушылардың санын көбейтіп, шешен сөздің шыңына шығар ұрпақ қалыптастыруға үлес қоссақ дейміз», – дейді облыстық «Ақиқат» пікірсайыс клубының төрағасы Айжан Орынбасар.

Шынында, дебат – мүмкіндіктер бастама. Шығармашыл бағытқа бейім оқушылардың шыңдалуына айрықша үлес қосатын шеберлік білім беру саласындағы қолданыста.

«Мектептегі оқушылардың дамуына мүмкіндік жасау үшін олардың қабілетін түрлі тәсіл қолдана отырып, ашуға тырысамыз. Осы тұста дебат клубының берер пайдасы зор. Ең әуелі, дебат оқушыларға орта қалыптастыруға көмектеседі. Білімге, жан-жақты, көшбасшылыққа құштар оқушылармен достық алаң құрайды. Ойын

көптеген тақырыпты қамтиды. Екі жақты пікірге сыни ой білдіре отыра, түйткілді шешуге қабілетті болып машықтанатыны сөзсіз. Дебаттың тағы бір септігі қоғамдық ортамен коммуникацияға түскенде тиеді. ЖОО-ға, жұмысқа тұрғанда, арнайы ұйымдарға қабылданған сәтте өзінің мықты тұлғын көрсете алатын тұлға болып қалыптасады», – деген пікірімен бөлісті Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бақытжан Сапарғалиұлы.

ЖОО-ның білім беру әдістемесінде дебатқа айрықша мән беріліп жүр. Себебі пікірталас студенттерді бәсекеге құштар, ізденімпаз етеді. Нақты тұжырым жасай білетін, тіл мәдениетін игерген болашақ маман келешектің кепілі бола алады.

«Дебат клубына 1 курстан бастап барамын. Ораторлық қабілетімді оңтайлы қолдануға, бойымдағы қасиетімді ашуға бірден-бір себеп болған – дебат ұйымы. Бұл таңдаулылардың ойыны, себебі терең ой, ұшқыр логика, төзімділік іспеттес ұғымдар көптің бойынан табыла бермейді. Оған қатысқалы қоғамда орын алған әрбір жағдайға тұлға ретінде пікір қалыптастыруға бейімделесің. Талдау жасап, ақ пен қараның арасындағы айырмашылықты аңғарасың. Жинаған білім қоры мен біліктілікті дұрыс пайдалануға айрықша септігін тигізеді. Мен бұл жақтан жақын дос, ақыл мен парасат ұғымдарын ұштастырған орта таптым», – дейді студент Мағжан Бекхожаев.

Дебат – пікір таластыра, сөз жарыстыра отырып, сөз мәдениетін қалыптастыратын шешендік өнер. Жүйелі ой мен алтын қағидалар алаңы. Өмірдің әр шағында дебаттан аларымыз көп. Көңіліс ортаны қшыққа толы ететін, кейде ой салатын, табандылыққа жаттықтыратын бұл қозғалыс дами береді.

Нұршат НЫШАНОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6931
Тапсырыс: 2016